

11.01.2024 ж № U00048

АӘЖТД пәнінің патриоттық тәрбие берудегі ролі

БАШИРБАЕВ РАУАН СУЛТАНГАЗИЕВИЧ

Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Қорғас ауылы

«Қорғас орта мектебі» КММ

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің патриоттық тәрбие берудегі ролі. Білім ордасы деп аталатын қасиетке ие мектепте қимыл шеберлік даярлығынан өту үшін мұғалімге көп ізденіс қажет. Әрбір оқушы өзінің сана-сезімі, ақыл-ой қабілеттілігін, психологиялық, физиологиялық мүмкіншілігін пайдаланып, өзін-өзі даярлау қажет.

Білім ордасы деп аталатын қасиетке ие мектепте қимыл шеберлік даярлығынан өту үшін мұғалімге көп ізденіс қажет. Әрбір оқушы өзінің сана-сезімі, ақыл-ой қабілеттілігін, психологиялық, физиологиялық мүмкіншілігін пайдаланып, өзін-өзі даярлау қажет. Мұғалім сабақта оқу амалдарын, әдістемелерді пайдаланып, оқушылардың жоғарыдаға әр түрлі кәсіби қабілеттерін және мүмкіншіліктерін анықтап, осылар бойынша әр түрлі кәсіби қызметтерге бағыттауы керек.

Бұл әр түрлі қабілеттер мен мүмкіншіліктерді орындаудың негізгі амалы, дене тәрбиесі жаттығулары мен теориялық білім. АӘЖТД сабағын дұрыс өткізген мұғалім жеке оқушыларды таңдап алған спорт түрлерінен жоғары жетістікке жетуін ғана емес, барлық оқушылардың денсаулықтарын нығайту, қозғалыс ептілігі мен дағдыларын қалыптастыратын, оларды үлкен өмірге дайындайтын дене тәрбиесі сабағының негізгі бағыттарын құрайды. Қазіргі мектептерде оқушылардың құзырлықтарын, қызығушылықтары мен қабілеттерін шешуге мүмкіндік бермеген, білім беру процесінде мазмұны, құрылымы және ұйымдастырылуы өзгермеген, осыларды шешетін бейімдік оқыту мектептер құрылмаған.

Оқу құралының мақсаты мен міндеттері. 11 жылдық оқу кезінде алғашқы әскери дайындық сабағының негізгі бағыттарына сүйене отырып, түпкі нәтижеге жету. – денсаулықты нығайту, анатомиялық, физиологиялық, психологиялық, ағза мүшелерінің саулығы, жақсы қызмет істеуге жету; – алғашқы әскери дайындық сабағының адам өмірінде маңызы, жаттығулардың адам ағзасына әсері, дене мүшелерінің функциялары және функциялық деңгейлерін жоғарылату әдістерін

меңгеру; – оқушылардың денсаулығын нығайтатын, денесін үйлесімді дамытатын, дене қуатын, қимыл шеберлігін жетілдіретін міндеттер.

5 – жылдам дамушы ортада өмір сүруге қабілетті, өзін таныта алатын, өзі үшін де, қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдаланатын білімді, шығармашыл тұлға қалыптастыру. Алғашқы әскери және техникалық дайындық пәні азаматтарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызмет атқаруға дайындық жүйесінің бір бөлігі болып табылатындықтан, қазіргі кезеңде Алғашқы әскери және техникалық дайындық пәнін оқыту Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері және Қорғанысы туралы және Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына сәйкестікте жүзеге асып отыр.

Алғашқы әскери және техникалық дайындық – Қазақстан Республикасы азаматтарын Қарулы Күштерде, басқа да әскер және әскери құрамаларда қызмет етуге дайындайтын мемлекеттік жүйенің негізгі құрамы болып табылады. Алғашқы әскери және техникалық дайындық меншік түрі мен ведомствалық бағыныштылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде, орта арнаулы оқу орындарында (колледждерде), кәсіптік- техникалық мектептерде (кәсіптік мектеп) әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.

Әскери-патриоттық тәрбие алғашқы әскери дайындықпен тығыз ұштастырыла отырылып, жастардың әскери істі жақсы меңгеруіне, төтенше жағдайларда қорғанудың тәсілдері мен құралдарын дұрыс пайдалана білуіне ықпал ете алуы қажет. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы түсінігін және әскери іс негіздері бойынша оқушылардың білімдерін қалыптастыру, оқушылардың өмірлік қабілеттері мен дағдыларының дамуын қалыптастыруға ықпал ету. ҚР ҚК туралы Заң қабылдануына байланысты білім беру саласы мен мектептегі АӘЖТД сабағына мемлекеттік пән мәртебесі беріліп, әскерге даярлау мен жас жеткіншекке отаншылдық тәрбие беру жұмысына Үкімет тарапынан көңіл берілуде. Пәннің міндеті – келешекте Отанын, жерін, елін қорғай алатын, ұлттық намысы мол, жігерлі ұл, қыз тәрбиелеу, әскер қатарына сауатты, моральдық жағынан дайын азамат даярлау. Патриоттар даярлаудағы жауапкершілікті неғұрлым терең сезініп, бар мүмкіндікті пайдаланып, шыныққан шымыр отансүйгіш азаматтар даярлау үшін АӘЖТД пәні мұғалім-ұйымдастырушыларына үлкен талап қойылады, сондықтан оларға өз ісінің жетік маманы болу б жеткіліксіз, сонымен қатар жан-жақты білімді, тың ақпараттардан хабары мол болуы шарт.

Осы жағдайды ескере отырып, қала мектептеріндегі әрбір әскери дайындық сабағының 3-5 минуты саяси хабарлама берумен басталуы тәжірибеге негізілуде. ҚК қатарына даярлау үшін мектептегі барлық оқу-материалдық элементтері түгел болуын да қадағалаған абзал. Осылайша, әскери пәндерді оқыту арқылы Қазақстан Республикасы азаматын тәрбиелей отырып, оқыту арқылы адамгершілік-рухани тұрғыда егемен еліміздің ұлттық сана-сезімі мен намысы оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбекқор, бойында білімге негізделген ізгілікті қасиеттері қалыптасқан азамат тәрбиелеуге болатынына біздің көзіміз жетіп отыр. Бастапқы әскери дайындық және дене тәрбиесі пәндері бірін-бірі толықтырып тұрады. Дене шынықтыру сабақтарын саптық дайындықсыз өткізу мүмкін емес, себебі ол гимнастиканың негізі болып табылады.

Ол өз негізінде өмірдің қауіпсіздік негіздері пәнімен қосыла, болашақ бастауыш әскери дайындық пәнінің негізін қалайды. Ал, АӘЖТД пәні жастарды болашақ Отан қорғауға дайын болуға, патриотизмге тәрбиелейді десек, ол мақсатқа дене тәрбиесіз жету мүмкін емес. Өскелең ұрпақты осындай биік мақсаттарға жетелеу үшін 1-сыныптан бастап патриотизмге, Отанын, елін сүюге тәрбиелеу – мектептің негізгі міндеті. Жыл сайын мектептерде БӘД пәнін бастау жайлы бұйрық жүйелі түрде беріледі, осы бұйрықта аудандық әскери комиссариаттың ұсынысымен: Дене шынықтыру сабақтарындағы саптық пәндер ҚР Әскери жарлықтарының талаптарына сай берілсін, — деген сөздер айғақтайды, яғни саптық пәрмендерді, әскери терминологияны жүйелі оқушылар санасына жас кезінен енгізу болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды: бұл екі пән егіз және оларды қатар алып жүру мұғалім үшін үлкен парыз.

Жастардың алғашқы әскери дайындығы мынандай мақсатта өткізіледі: Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерін, мемлекет қорғанысының негізін жастардың оқып үйренуі; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуын, оның сипаты мен ерекшеліктерін, Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы ретіндегі әскери қызмет мәнін, әскери анттың негізгі талаптарын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғыларын жете түсінуі; әскери бөлімдердегі ұрыстық техника және қару-жарақпен, жеке құрамның тұрмыс-тіршілігі және олардың орналастырылуымен танысуы; қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларға ие болуы; төтенше жағдайларда адамның тіршілік 7 әрекетінің қауіпсіздік негіздерін меңгеруі оқушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету үшін алғашқы әскери дайындықтың теориялық тиянақты білімдері негізінде, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтар қысқа уақыт ішінде мерзімді әскери қызмет өтеу шарттарына бейімделіп, сеніп тапсырылған әскери техника мен қару-жарақты меңгере алатындай жағдайда даярлау; оқушыларды Қазақстан Республикасы

Қарулы Күштерінің қызметі туралы біртұтас түсінігінің өзара үйлесімді жүйесін қалыптастыру; оқушыларды қарулы қорғаныс ролі нақты түрде өсіп отырған Қазақстан Республикасындағы өмірге даярлау.

Алғашқы әскери және техникалық дайындыққа үйретудің басты міндеттері негізінде нақты дидактикалық тапсырмалар қарастырылады, оның ішінде аса маңыздысы оқушылардың сенімділігін, саналы түрде Қазақстан Республикасы егемендігін қорғау қажеттілігін, әскери қызметке жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру болып табылады. Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша Алғашқы әскери дайындық пәнінің мазмұны пәннің мақсат-міндеттеріне және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес айқындалады. Пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұнын іріктеуде жалпыдидактикалық ұстанымдар: табиғи үйлесімділік, практикаға бағыт ұстану, сабақтастық, саналылық, көрнекілік, белсенділік, жүйелілік пен бірізділік принциптері басшылыққа алынды.

Үздіксіздік ұстанымы оқытудың барлық сатылары арасында әдіснамалық, мазмұндық, оқытудың әдістемесі мен технологиясы деңгейінде сабақтастықты қамтамасыз етеді. Көрнекілік ұстанымы нақты жағдайда қарым-қатынастың болуын көрсететін барлық көрнекілік құралдарын (вербалды, иллюстрациялық, сонымен қатар мұғалім сабақ барысында қолданатын қимыл-қозғалыстар) пайдалану қарастырылады.

Белсенділік ұстанымы Мұнда ұстанымның 3 түрі қолданылады: тұлғалық-бағдарланған, мәдени-бағдарланған, іс-әрекеттік бағдарланған ұстанымдары. Тұлғалық бағдарланған ұстанымына: адекваттық ұстанымы, даму ұстанымы, психологиялық жайлылық ұстанымы кіреді. Мәдени бағдарланған ұстанымының құрамына келесі ұстанымдар кіреді: әлем картинасы ұстанымы, білім беру мазмұнының біртұтастығы ұстанымы, жүйелілік ұстанымы, әлемге деген мағыналық қарым- қатынас ұстанымы, білімнің бағдарланған қызметі ұстанымы, дүниетаным және мәдени стереотип ретінде мәдениетке сүйену ұстанымы. 8 Әрекетке бағытталған ұстанымдар тобына оқушының оқу әрекетін реттейтін ережелер кіреді: оқытудың әрекетшілдік ұстанымы, іс-әрекеттен оқу жағдаятына, іс-әрекеттен өмірлік жағдаяттарға басқару арқылы ауысу ұстанымы, оқу-танымдық іс-әрекеттен оқушының өздік іс-әрекетіне (өзіне жақын аймақта) ауысу ұстанымы, алдағы (спонтанды) дамуға сүйену ұстанымы, креативті ұстаным немесе шығармашылыққа мұқтаждықты және шығармашылық біліктерін қалыптастырушы ұстаным. Жүйелілік және сабақтастық ұстанымдары қайталау, қорыту жолдары және сабақ, тақырып, бірнеше тақырып, тоқсан және т.б. үдерісінде қажетті материалды жүйелендіру арқылы, сонымен қатар келесі дидактикалық ережелерді сақтау арқылы жүзеге асырылады: белгіліден белгісізге, қарапайымнан күрделіге, үйлестіктен өзектіліктікке.

ҚР ҚК туралы Заң қабылдануына байланысты білім беру саласы мен мектептегі АӘЖТД сабағына мемлекеттік пән мәртебесі беріліп, әскерге даярлау мен жас жеткіншекке отаншылдық тәрбие беру жұмысына Үкімет тарапынан көңіл берілуде. Пәннің міндеті – келешекте Отанын, жерін, елін қорғай алатын, ұлттық намысы мол, жігерлі ұл, қыз тәрбиелеу, әскер қатарына сауатты, моральдық жағынан дайын азамат даярлау. Осылайша, әскери пәндерді оқыту арқылы Қазақстан Республикасы азаматын тәрбиелей отырып, оқыту арқылы адамгершілік-рухани тұрғыда егемен еліміздің ұлттық сана-сезімі мен намысы оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбекқор, бойында білімге негізделген ізгілікті қасиеттері қалыптасқан азамат тәрбиелеуге болатынына біздің көзіміз жетіп отыр. Іскер ұстаздың тағы бір жетістігі – пән кабинетін талапқа сай жабдықтауында. Кабинеттегі Абылай хан, Б. Момышұлы, Т. Әубәкіров, Т. Бигелдинов, С. Нұрмағанбетов, сол сияқты жерлестеріміз Қ. Қамзин, С. Мүткенов т.б. туралы деректер оқушыларға ерлік тағылымымен табындырар ұлы тұлғалар туралы сыр шертеді. Алғашқы дәрігерлік көмек, ҚР Қарулы Күштері рәміздері, Атыс дайындығы, Саптық дайындық, Тактикалық дайындық, Әскерге бару – азамат болу, ҚР Қарулы Күштерінің жарлығы сияқты стенділер оқушылардың әскери ережелерді жадында сақтауына әсер етеді.

Кабинетте тәулік кезекшілік бөлмесі және қару-жарақ сақтайтын бөлме болғаны абзал. Ортада ұрыс алаңы бейнеленген жайма тақталарын да орналастыруға болады. Осы материалдық база оқушылардың әскери тәртіпті сақтап, үйренуіне ықпал етеді. 9 Оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеуде сабақтан тыс шаралардың да маңызы зор. Жыл сайын 9 сәуір мен 9 мамыр аралығында Жеңіс күні құрметіне әскери патриоттық айлық өткізіледі. Рухты әндер – ерлікке бастар ұлы күн, Ел тірегі – рухты ән атты байқауға оқушылар асқан жауапкершілікпен қатысып, мол әсер алады. Байқауда Атамекен, қазағым менің, Отаным – бақыт ордасы, Елім менің, т.б. әндер орындалып, әр топтың киім үлгісі кештің мәніне әр береді, жеңімпаздар анықталады. АӘЖТД кабинеті алғашқы әскери дайындық бағдарламасы бөлімдерін теориялық және практикалық жағынан оқып үйренуге, сондай-ақ сабақтан тыс уақытта үйірме жұмыстарын өткізуге және оқушылардың өз бетінше сынақтарға дайындалуына арналған.

АӘЖТД кабинеті жеке, кең әрі жарық болуы қажет және оқушылық екі орындық үстелдермен, әр оқушыға жеке орындықпен, АӘЖТД оқытушы-ұйымдастырушысына арналған үстелмен, сынып тақтасымен (интерактивті) жабдықталуы қажет. Кабинетте мыналар болуы керек: тақырыптық стендтер (турниктер); жергілікті жер нобайы; оқытудың техникалық құралдары; көрнекі құралдарды көрсетуге арналған қада немесе тіреу; оқу қаруын толық немесе бөлшектеу және жинақтауға арналған үстел жамылғысымен; түрлі-түсті борлар

жиынтығы. Кабинетте оқушы үстелдері үш қатарға орналасады арақашықтығы қабырғадан 60 см. жерде орналасуы керек. Себебі, әр оқушы шақырылған кезде Тік тұр жағдайын қабылдап, жауап беру үшін немесе тәсілді (әрекетті) практикалық түрде көрсету үшін саптық қадаммен тақтаға шығу мүмкіндігі болу керек.

Алғашқы әскери және техникалық дайындық сабақтарында оқушылар әскери кабинеттегі үстелде жеке қатарларда бөлімше бойынша орналастырылады. Әр қатардың бірінші үстелінде – бөлімше командирі, одан кейін барлық бөлімше оқушылары отырады. Әскери кабинет оқыту бағдарламасының әр бөліміне рәсімделген стнедтермен (турниктермен) жабдықталады. Бөлме жаттығу қаруларын, кіші калибрлі винтовкалар мен оқ- дәрілерді сақтауға арналған.

Ол оқу орындары, оқу пункттері мен білім беру ұйымдарында жаттығу қаруын, оқ-дәрілерді және кіші калибрлі винтовкалар мен олардың патрондарын алу, есеп жүргізу және сақтау жөніндегі нұсқауларға сәйкес қатаң түрде жабдықталады. Кіші калибрлі винтовкаларды сақтау үшін жеке шкаф (пирамида) қойылады, тек онда магазин, майлауыш жабдықтар, сүңгі-пышақ пен магазин сөмкелеріне арналған орындар (ұя) болмайды.

Шкаф (пирамида) ішкі жағында рамкада мүлік тізімдемесі жазылады. Оқыту мақсатында 10 әскери қызметшілердің инженерлік мүлкі мен газтұмылдырықтары қалай сақталатындығын көрсету үшін шкафта (пирамидада) газтұмылдырық пен кіші жаяу әскер күректеріне арналған орындар жабдықталуы мүмкін. Газтұмылдырық сөмкелеріне жапсырмалар тағылады. Жапсырмаға газтұмылдырық бекітілген оқушының тегі мен газтұмылдырық өлшемі көрсетіледі. Жапсырма сол жаққа, лямканың сөмкемен қосылған жеріне тағылады. АӘЖТД кабинетінің шыға берісінде немесе әскери кабинетке жақын ыңғайлы басқа орында жабдықталады. Жабдықталған орында мыналар болуы қажет: құжаттамасы бар тақтайша (ҚР Қарулы Күштерінің басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының ішкі қызметі Жарғысына сәйкес рәсімделеді); тумбочка, онда кезекшілікті қабылдау және тапсыру, қару мен оқ дәріні беру, аурулар мен шығатындар туралы кітап макеті, телефон аппараты (макет), өрт сөндіру құралдары (өрт сөндіргіш) – тәуліктік кезекшіге жақын жерде болады, рота бойынша кезекшінің қол таңғышы ұзындығы 30-40 см. және жалпақтығы 10 см. қызыл матадан жасалады, таңғыш шеттері бүгіліп тігіледі, таңғышқа рота бойынша кезекші деген жазу ақ түспен жазылады немесе таңғыштың орнына кеуде белгісін жасатуға болады, тәуліктік кезекшінің жабдық-құралы сүңгі пышақ макеті және пышақтар автомат сүңгі пышағының көлемі бойынша ағаштан, пластмассадан жасалады.

Осы жаттығу орнында ротаға тікелей бастықтар келген кездегі, дабыл немесе өрт болған жағдайда, телефон бойынша баяндалғанда, басқа ротаның әскери қызметкерлері келгенде, бос ауысымның практикалық әрекеттері тәуліктік кезекшісін рота бойынша кезекшіге шақырғанда, қару мен рота мүлкін сақтауды қамтамасыз ету, рота орналасуынан шығару кезіндегі тәуліктік кезекшінің практикалық әрекеттері жаттықтырылады.

Білімденудің ошағы – мектеп. Тәрбиенің ауданы одан кең, түбі терең.

Адамның өсетін, балалық, жеткіншектік дәуірі түгілі тәрбиенің әсері жігіттік, кекселік кезде де қалмайды. Тәрбие сәулесі түспейтін адамның ешбір қалтарысы жоқ. Тәрбие болмаған жерде шын ақылды, мәдениетті өмір де болмақ емес деп Ж. Аймауытов айтқандай, тәрбие беру үздіксіз үдеріс болып табылады.

Осы мақсатта мектептің жылдық жоспарына сәйкес біздің мектебімізде әскери-патриоттық шаралар өтуде.

Олар: 1. Кеңес Одағының батыры Қ. Камзин, С. Мүткенов жүлделеріне арналған пневматикалық мылтықтан ату турнирі. 2. Әскери спорттық ойын – Алау. 3. Сапта жүру мен ән айту байқауы. 4. Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерімен, Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу. 5. Әскери-қолданбалы спорт түрінен жарыс. 6. Ерлік сабақтары. 7. Кәнеки, жігіттер байқауы. 8. ХХІ ғасырдың көшбасшысы 9. Интеллектуалдық ойындар. 10. Далалық оқу жиындары. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің міндеті олардың бойында іскерлік, білімдік дағдыларымен қатар туған жерін, елін сүйетін, ел дәстүрін қастерлейтін мәдени парасаттылық сезімін тәрбиелеумен астасып жатыр. Оқушыларды отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеуде басқа пәндермен қатар алғашқы әскери дайындық пәнінің атқаратын жүгі қомақты. Дені сау, мықты болашақ жауынгерлерді тәрбиелеудің маңыздылығын жан жүрегімен түсініп, оқушыларды ерлік дәстүр рухында тәрбиелеуді мақсат тұтқан ұстаз ғана ел намысын қорғайтын, пендешілік мүддеден ұлт мүддесін жоғары қоятын шын мәнісіндегі азаматтарды тәрбиелей алады.

Тұлғаны тәрбиелейтін ұстаздың өзі де тұлға болуы тиіс. Ол өзінің еңбекқорлығымен және әр істі зор жауапкершілікпен атқаратын іскерлігімен танылады. Әр оқушыны бала ретінде емес, терезесі тең азамат ретінде, елдің ертеңі ретінде бағалап, зор сенім артуы арқылы балғын жігіттердің сеніміне ие болады. Әр шәкірт оны ұстаз-аға, ұстаз-дос ретінде таниды. Тәрбиелі – тәртіптің құлы екенін терең түсінген ұстаз әр жасөспірімнің сыйлауы азаматтық парасат екенін санаға сіңіреді. Ата-аналармен тіл табысып, пәнге қажет әскери форманың болуын түсіндіреді, өз мақсатына қол жеткізеді және бұл міндеттің маңыздылығын жергілікті басылым арқылы бүкіл аудан мектептеріне мәлімдейді.

Мектеп қабырғасындағы оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие тек қана 10-11 сыныптарда өтілетін алғашқы әскери дайындық сабағында ғана емес, барлық сынып оқушыларына, сыныпта және сабақтан тыс өтілетін іс-шаралар арқылы да беріледі. Осы мақсатта алғашқы әскери дайындықпен жастарды әскери-патриоттық жағынан тәрбиелеу сапасы көбінесе оқу орындары мен білімді ұйымдастыратын мекемелердің оқу базасының бар болуы мен жағдайына байланысты болады.

Оқу базасына мыналар кіреді: 1. АӘД кабинеті. 2. Жаттығу қарулары, кіші калибрлі винтовка мен олардың патрондарын сақтауға арналған арнайы жабдықталған бөлме. (Қару-жарақбөлмесі). 3. Атыс тирі. 4. Саптық дайындық сабағы мен ату тәсілдері және ережелерін практикалық жағынан оқып үйренуге арналған алаң (жүк көлігінің кузовының макеті). 5. Сақшы міндеттерін практикалық жағынан оқып үйренуге арналған орын. 6. Тәулік кезекші міндеттерін практикалық жағынан оқып үйренуге арналған орын. 7. Кедергілер алаңы (жолағы). Денешынықтыру қалашығы. 8. Тактикалық дайындық сабағын жүргізетін алаң. Жастарды әскери-патриоттық жағынынан тәрбиелеумен байланысты іс-шараларды өткізу үшін әр оқу орны мен орта мектептерде әскери атақ мұражайы немесе бөлмесі болуы керек. Атыс тирі. Тир – кіші калибрлі винтовкалардан нысананы атуға арналған арнайы жабдықталған құрылыс немесе жер участкесі. Оның алдыңғы жағы оқ қағармен және толқынмен, ал бүйірлері оқтың тирдан тыс жерге ұшып кетуіне кедергі келтіретін валдар немесе қабырғалармен жабдықталған. Тир ашық, жартылай жабық және жабық болуы мүмкін. Атыс тирін салған және пайдаланған уақытта атыс өткізу кезінде қауіпсіздік шаралары жөніндегі негізгі талаптарды басшылыққа алу қажет. Атыс тирі қоршаған ортаға толық қауіпсіздікті қамтамасыз ететіндей және адамдар мен жан-жануарлардың атыс аймағына кіріп кету мүмкіндігін болдырмайтындай салыну керек. Атыс тирінде атыс жүргізетін аймақ пен атуды дайындайтын орын болуы шарт. Атыс жүргізу аймағында бастапқы жағдай мен атуды бастау шебі жақсы көрінетін сызықтармен және тиісті жазбалары бар нұсқаулармен белгіленеді. Атуды бастау шебінде атқыштарға арналған төсемдер мен атуға, тіреліп жатуға арналған тіреулер, құм немесе үгінді салынған қапшықтар болуы керек. Саптық дайындық бойынша сабақтарға арналған алаң (жүк көлігінің кузовының макеті). Саптық дайындық бойынша өткізілетін барлық сабақтар арнайы жабдықталған алаңдарда жүргізіледі. Ол оқу ғимараты аймағы шеңберінде жабдыкталады, тегіс және асфальт немесе бетон төселген болуы керек, оған ақ сырмен нақты белгілер түсіріледі. 13 Алаң периметрі бойынша 80 см. жүргізілген сызықтар саптық адымды дұрыстауға арналған және оның жалпақтығына сәйкес болады. Алаң периметрі бойынша салынған шеңберлер оқытушылардың саптық тұрысты дұрыстауына және орындағы бұрылыстарға арналған.

Шеңберді төртке бөлу АӘЖТД оқытушы-ұйымдастырушысына орындағы бұрылыстан соң аяқты дұрыс қоюды бақылауға мүмкіндік береді, аяқ басы фронт сызығы бойынша өкше еніне қарай түзелуі керек. 4,4 мүлке шаршылар қозғалыстағы бұрылыстарды реттеуге арналған. 48 м. немесе 60 қадам саптық дайындық бойынша сабаққа арналған алаң периметрі АӘЖТД оқытушы-ұйымдастырушысына оқытушылардың саптық адымдағы қозғалыс жылдамдығын бағалауға мүмкіндік береді (ҚР Қарулы Күштерінің басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының саптық жарғысының талаптарына сәйкес қозғалыс жылдамдығы минутына 110-120 қадам). Көрнекілік үшін алаң периметрі бойынша 70x150 см. көлемінде қалқандар орнатылады, онда негізгі саптық тәсілдер бейнеленеді: қарумен және қарусыз саптық тұрыс, орнынан және қозғалыстағы бұрылу, саптық адыммен қозғалу, орнынан және қозғалыстағы әскери ізет ету.

Сабаққа арналған алаң оқытушылардың бір сыныбымен сабақ өткізуге есептелуі керек. Сонымен қатар машиналар жанындағы саптық дайындықты өтуге арналған жүк машинасының кузовының макетін орналастыру қажет. Сақшы міндеттерін практикалық жағынан оқып-үйренуге арналған алаң. Орын қарауыл мен сақшының күзет орнында туындаған түрлі жағдайдағы практикалық әрекетін игеру үшін оқу орнының ауласында жабдықталады және оған келесі элементтер кіреді: – шарбақпен (ағаш немесе басқа) қоршалған қорғалатын нысан (қабырға, қосалқы үй-жайдың кіре берісі пайдаланыла алады); – автоматтан түрегеліп тұрып атуға арналған окоп (құрлықтағы әскердің ұрыс жарғысы талаптарына сәйкес жабдықталады). Бұл жаттығу орнында сақшының әуе дабылы, күзет орнына шабуыл жасау және т.б. кездегі әрекеті жаттықтырылады; – қаруды оқтау және оғын алуға арналған орын, оқ қағар макетімен жабдықталады, ол бағаналарға жерден 30 см. биіктікте орнатылады; – күзет орнына келетін немесе күзет орнынан кететін қарауыл ауысымын сапқа тұрғызуға арналған орында қарауылдар құруды оқтап және оғын алуға жаттығады; – өрт сөндіру құралдары: өрт сөндіргіш, құмы бар жәшік, суы бар бөшке, шелек және құралдар (күректер, балталар, ломдар); 14 – қорғалатын нысан қасында күзет орнында өрттің туындауын елестетуге арналған орын жабдықталады (кесілген металл бөшке немесе металл жәшік пайдаланылады); – қорғалатын нысан тіреушісі сыртында Тыйым салынған аймақ сызығы белгіленеді, ол үшін Тыйым салу аймағы шекарасы деген жазуы бар тақтайша орнатылады. Осы оқу орнында сақшының бөгде адамның (бұзушының) бекетке немесе тыйым салынған аймаққа жақындаған кездегі бекетке (тыйым салынған аймақ шекарасынан өтіп кету) қорғалатын нысан (пост) аймағына өтіп кету кезіндегі және сақшыға немесе ол күзететін нысанаға шын мәнінде шабуыл жасаған кездегі әрекетті жаттықтырады.

Осы мақсатта нысана орнатылады: № 8 бойлық фигура – тыйым салынған аймақ сызығы сыртында (тыйым салынған аймаққа жақындаған адам); №6 – кеуделік фигура тыйым салынған аймақта (тыйым салынған шекарасынан өтіп кеткен бұзушы). №8 бойлық фигура – күзетілетін нысан аймағында постқа өтіп кеткен бұзушы. Осы жаттығу орнында ротаға тікелей бастықтар келген кездегі, дабыл немесе өрт болған жағдайда, телефон бойынша баяндалғанда, басқа ротаның әскери қызметкерлері келгенде, бос ауысымның практикалық әрекеттері тәуліктік кезекшісін рота бойынша кезекшіге шақырғанда, қару мен рота мүлкін сақтауды қамтамасыз ету, рота орналасуынан шығару кезіндегі тәуліктік кезекшінің практикалық әрекеттері жаттықтырылады. Дене шынықтыру қалашығы (гимнастикалық қалашық). Ол стадионның ауласында немесе мектеп ауласында орналастырылады. Металдан немесе ағаштан жасалған биіктігі 6 метрлік құрылғы, оған төрт саты, 6 өрмелеп шығуға арналған арқан; әр түрлі биіктіктегі турниктер, бөренелер 5-6 оқушы бірден жұмыс істеуге есептелген. Гимнастикалық снарядтар (ат, кіші ат), ұзындыққа, биіктікке секіруге арналған орындар, гимнастикалық қабырға (биіктігі 2,5 м., ені 5 м.), гимнастикалық орындықтармен (биіктігі 35 см) жабдықталуы керек. Тактикалық сабақ жүргізуге арналған алаң. Бұл алаң жақын оқу-дала жиындарын өткізетін жерге жақын болады. Бұл алаңда төмендегі сабақ түрлерін оқып үйренуге арналған оқулық құралдар орналастырылады. Сарбаздың соғыс кезіндегі іс- әрекеті, түрлі қиындықтағы кедергілерден өту, мина жарылатын, жарылмайтын кедергілер, инженерлік кедергілер, әр түрлі жағдайда уланған аймақтар, көрсетілген жазулар, сымнан жасалған қоршаулар. Атыс ұясын дайындау, жатып атуға арналған оқпана, бақылаушы сарбазға арналған орын, сарбаз (бөлімше) шабуылда бөлімшеге арналған оқпаналар, траншеялар, инженерлік кедергілер, өтуге арналған, сарбаз (бөлімше) қорғаныста бөлімшенің тірек нүктесі.

11.01.2024 ж №U00049

**«Көркем еңбек пәнінде оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін
пайдалана отырып оқушыларды шығармашылыққа баулу»**

**АБДУЛЛАЕВА САЛТАНАТ АБДУЛЛАҚЫЗЫ
Қызылорда облысы Қызылорда қаласы
«Т.Рысқұлов атындағы № 222 орта мектеп» КММ
Көркем еңбек пәні мұғалімі**

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Еліміздің басшысы Н.Ә.Назарбаев қазақстандық мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы олардың педагогикалық өміріндегі қосымша оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде.

Білім сапасын көтеру мақсатында түрлі әдіс тәсілдерді қолданып жүрмін. Жаңа заманның білімді ұрпақтарын тәрбиелеп оқытуда түрлі қиындықтар кездеседі. Соның жолдарын іздеуде көптеген іс- тәжірибелер жасаудамын. Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі.

Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазір бүкіл әлемде интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға көштік. Бүгінгі күні инновациялық әдістермен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Көркем еңбек сабағында оқушылармен жұптық және топтық жұмыс жасаудамын.

Бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде оқытушының рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, оқытушы тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Оқушының өз бетімен жұмыс жүргізуі шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы. Оқушыларым жыл бойы ізденіс үстінде. Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Ол үшін балаға берілетін білім сабақтастықты қажет етеді. Оқушының ойын жүйелеуде әртүрлі әдіс-амалдар қолданылады: -жаңа материалды меңгеру; -оқушыға бағыт беруғ яғни түрткі сұрақ, реплика беру; -оқушының өзін көбірек сөйлету; -тақырыпты бекіту; -игерілген білімді тиянақтау; -көрнекіліктердің әсерлігін тиімді пайдалану.

Оқушының өз бетімен ізденісіне деген қарым-қатынастық машықтар жүзеге асырылып, олар оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіре түседі, яғни мәтін тақырыбын түсіну, ашу, ондағы негізгі ойды бөліп алу; өз ойын дұрыс жазу, айту. АКТ-ны пайдалану бұл оқушыларға интертақтамен жұмыс жасай білуге, ол арқылы сурет сала білуге, интернет желісін пайдаланып ақпараттар алуға, сюжетті суреттерді анық көруге, видеороликтер көруге дағдыландырады. Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды.

Мектепшілік шаралар өткізуде әр оқушының талантын байқаймын, ал ешқандай шараға қатыспайтын тұйық оқушылар арасында әртүрлі қызықты жарыстар өткізу арқылы дарынын байқау болып табылады. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін — өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады.

Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады.

Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі.

Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беремін, жауаптарын тыңдаймын. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді. Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор. **Біріншіден** – шығармашылық жоба білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

Мысалы: «**Жеңіл көйлек тігу**» тақырыбын өткен кезде «**Түсіну деңгейі**» топқа сұрақтар жазылған көйлек мозайкалары таратылады, оқушылардың өз білетіндерін еске түсіріп, жаңа тақырыпқа дайындық жұмысы жүргізілді. **Екіншіден** — оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады.

Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады. «Қолдану деңгейі» бойынша Әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады Бұл жерде оқушылар «Топтастыру стратегиясы» арқылы постер қорғайды.

I топ ұлттық көйлек

II топ заманауи көйлек

III топ тұрмыстық көйлек

Әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады.

Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті шығармашылық жоба оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды. Бұл деңгейде оқушылар шығармашылық тапсырмалар орындайды. Жұптық жұмыс орындайды. Қалдықтармен жұмыс жасап, көйлектің эскизін дайындайды.

«Талдау деңгейі» «Реттілік» кезеңі. Топтағы оқушыларға сұрақ парақшасы таратылады. Бұйымды әрлеп үтіктеу үлгі дайындайды. Фурнитураларды (түйме, ілмек, гүл т.б) қадау материалды пішу. Сызба дайындау бұйымды тігу. Оқушылар жеңіл көйлек дайындаудың технологиялық реттілігін дұрыс орналастырады.

«Жинақтау деңгейі» бойынша Оқушылар өз ойларын ортаға салып, бір-бірін тыңдау арқылы қорытынды пікірге келеді.

«Бағалау деңгейі» бойынша: Не білдік?, Не үйрендік?, Сен қалай ойлайсың? Осы сұрақтар арқылы оқушылар бүгінгі сабақта не біліп, не үйренгендерін ортаға салады. Кері байланыс: Қай тапсырма қиын болды, қайсысы оңай болды. Сарамандық жұмыстағы қателіктерге талдау жасау. Оқушылар смайлик арқылы көрсетеді.

Төртіншіден – шығармашылық жоба нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым — қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Жаңа әдіс –тәсілдерді тиімді пайдалана білу — оқушы шығармашылығы мен дүниетанымын кеңейтудің негізі.

Осы технологияларды қолдана отырып, шығармашылық іс — әрекет талаптарын орындау мақсатында, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында бағдарламадағы мәтіндерге сәйкес деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды алып, практика жүзінде қолданып, мынадай тұжырымдар жасадым: -оқушының шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;-қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;-қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;-оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөлініп, сәйкес жұмыс түрлерін тандап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;-қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады. Тәжірибе көрсеткендей күнделікті сабағыма қарағанда жаңа -әдіс тәсілдерді пайдалана өткен сабағымдағы оқушының белсенді іс -әрекетін, қызығушылығын байқадым.

Тарих сабағында оқушы шығармашылығын дамыту тарихи көркем әдебиеттерге жол сілтеу болып табылады. Қазіргі таңда ғылыми негізде және жаңа зерттеушілік бағытта құрастырылған электронды оқулықтарды тиімді пайдалану оқушының пәнге қызығушылығына жол ашады . «Робин раунд» әдісі бойынша сыныптағы оқушылар бір –бірін қайталамай сабақ мазмұнына сай пікірін айтып сабақты қорытындылай алады . « Ыстық орындық», «Сұрақтарды ұстап ал», «Ассоциация» «Джигсо» әдістері, яғни диалогтік оқыту барысында оқушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш жігерін жұмсайды. Сондықтан бір-бірін оқыту оқушылардың өз пікірін еркін айтуына мүмкіндік туғызары анық.Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан- жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болу тиіс.

Мен өз тәжірибемде ғаламтордан тақырыптық бейнекөріністер алып оған талдау жасау жұмыстарына үлкен мән беремін. Осы арқылы оқушылардың тарихи түсініктері бір жерде ғана тоқталып қалмайды.

Мысалы: **5сыныпта «Ою-өрнек жасалу жолдары»** тақырыбында сабақ өткізгенімде алдымен сыныпты түстер бойынша 3 топқа бөлдім. Әр топқа қазақ халқының ұлттық киімдері, баспанасы ,зергерлік бұйымдарымен мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрін оқытып үйрету мақсатында оқушыларға сұрақ қоя отырып қазақ халқының баспанасы, ұлттық киімдер, зергерлік бұйымдары барлығы дерлік ою-өрнекпен әшекейленеді деген мәтіндер бойынша топтық тапсырмалар бердім. Оқушылар сабақ барысында өз пікірлерін еркін жеткізе білуге, бір — бірін тыңдай білу мен пікірлерімен санаса білуге дағдыланды.

АКТ- ны пайдалана отырып алған мәліметтерін баяндай алды. Қазіргі таңда АКТ-ны тиімді пайдалану оқушыларымызды мына қадамдарға бағыттайды.

1.Оқушы танымын кеңейтеді 2.Оқушыны ғаламтормен тиімді жұмыс жасай білуге бағыттайды . 3.Оқушының өзіне сенімін нығайтады және жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастырады. Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. 1.оқушылармен материалды игеру үрдісін психологиялық түрде жеңілдетеді.Пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады. Оқушылардың көзқарасын кеңейтеді. Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі өседі.

Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнің де еңбек өнімінің жоғарлауы болады. Қорыта келгенде бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады.

Прогрессивті концепциялардың пайда болуы, білім беру үрдісінде алға кеткен мемлекеттердің тәжірибесімен танысу және соның нәтижесінде ұлттық білім беру моделін құрастыру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып табылады, өйткені нарықтық экономикаға негізделген мемлекетіміздің келешегіне мамандар қажеттігінен туындайды. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ.

Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл — ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын сабақ үдерісінде қолдану арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады.

Ұлы ойшыл Уильям Уорд «Жай мұғалім – хабарлайды. Жақсы мұғалім - түсіндіреді. Керемет мұғалім –көрсетеді . Ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген екен. Сондықтан ХХІ ғасыр мұғалімі жан — жақты болуы заңды деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу — қазіргі заман мұғалімінен талап етілетін басты мәселе. Сондықтан атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Оқыту-тәрбиелеудің қуатты органы,бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады » деген сөзін үнемі жадымызда сақтасақ деймін.

12.01.2024 ж № U00052

**«Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың
заманауи әдістерін қолданудың тиімділігі**

СПАНАЛИЕВА АКМАРАЛ РАХИМОВНА
Жамбыл облысы Меркі ауданы
«Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта
білім беретін мектеп-лицейі» КММ
Қазақстан тарихы пәні мұғалімі

Өзімнің сабақтарымда оқытудың заманауи әдістеін әр түлі қолдануға тырысамын.

- 1) Мысалы: «**XIX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстар**» тақырыбында сабақтың үй тапсырмасын сұрау кезеңінде венн диаграммасын қолданамын.

1- тапсырма:

Кіші жүздегі Сырым Датұлы көтерілісі мен Кеңесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістерінің ортақ сипаттары мен айырмашылықтары

(Венн диаграммасын толтыру)

2) Сабақтың тақырыбы: XIX ғасырдың II ж Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары. Сабақтың жаңа тақырыпты түсіндіру кезеңінде: «Джигсо» әдісін қолданамын. Интербелсенді әдістің бірі топтарды кездейсоқ бес топшаларға бөлемін. Таратпа қағаздарға өзі таңдаған санды жазып топтасады. Топ бес топшаға бөлінді. 1-топ «Реформа», 2- топ «Генерал-губернатор», 3- топ «Сот», 4-топ «Уезд», 5-топ «Округ». Жаңа тақырыптың осы жоспар бойынша тақырыпты өздері игеріп, постерге қорғайды.

«ДЖИГСО» әдісі:

Жаңа сабақ «Джигсо» әдісі бойынша тақырыпты талдап, бірігіп жұмыс жасауына жол ашу. Тапсырмаларды оқытушы топтарға барып, бақылайды, бағыт береді.

- 1-топ: Ақпараттық жаналықтар бағдарламасы бойынша әкімшілік реформалар туралы ақпарат береді. (24kz жаңалықтар бағдарламасы) «Тв шоу» әдісі арқылы қорғайды;
- 2-топ: «Фишбоун» әдісі бойынша проблеманың себептерін анықтау, дәлелдер келтіру, нәтижесін шығарады.

- 3-топ: 1822/24 жылғы жарғылар мен 1867 -1868 ж реформаларды салыстыру.«SWOT» кестесі арқылы қорғайды;

- 4 топ: Халық шаруашылығында қалыптасқан жағдай, реформалардың отаршылдық мәні туралы әңгімелесу;

5-топ: Реформаның нәтижесі, салдары.

«Джигсо» әдісі бойынша, әр топтағы оқушылар берілген тақырыптарды топта талқылайды. Талқылап болған соң, тақырыпты басқа топ мүшелеріне түсіндіреді, қалған оқушылар басқа топтың тапсырмаларын тыңдайды, сұрақтар қояды, маңызды жерлерін дәптерлеріне жазып отырады. Әр топ берілген тапсырмаларын флипчартқа түсіреді, білімдерін жинақтап, ортақ шешімге келеді.

3) Сабақтың тақырыбы: Қазақстан өлкесіндегі ХХ ғасырдың басындағы саяси партиялар. Қазақ өлкесіндегі ұлттық автономиялар.Сабақта жаңа білімді игеру үшін«**Өкіл**» әдісін қолданамын. Топты төрт топшаға бөліп, «Алаш» партиясы, «Үш жүз» партиясы, «Түркістан автономиясы», «Кадеттер партиясы» деген тақырыптарды үлестірме карточкалар арқылы таратамын. Топтар бір-біріне берілген жаңа материалдарды түсіндіру арқылы жаңа мәлімет береді. Топтар талқылап болғаннан кейін, топта белсенді түсіндіргендер келесі топқа «елші» ретінде барып, жаңа мәлімет тыңдауға және өз мәліметімен бөлісуге барады. Бұл әдіс тыңдаушылардың мәліметін толықтырады.

4) Сабақтың тақырыбы: **Шетелдік интервенция және азамат соғысы кезіндегі қазақ өлкесі.** Үй тапсырмасын сұрау кезеңінде: интерактивті тақтаға Ақпан төңкерісі мен Қазан төңкерісінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын «**Венн**» диаграммасы арқылы сұраймын. Екінші стратегия «**Миға шабуылдау**» арқылы: Ақпан төңкерісінің нәтижесі қазақ үшін тиімді болды ма? немесе Кеңес үкіметінің орнауына «Алаш» партиясының пікірі қандай болды? деген сұрақтар арқылы ой қозғаймын. Ал жаңа тақырыпты түсіндіру үшін: Топты таратпа қағаздарда жазылған сандар арқылы топтастырып, 1-топқа: Азамат соғысының алғышарттары, 2-топқа: Әскери коммунизм саясаты, 3-топқа: Қазақ өлкесіндегі майдандар атты сұрақтарды бөліп беремін. Әр топ «джигсо» әдісі арқылы жаңа тақырыпты алдын-ала оқытушы дайындаған гипер-мәтін арқылы игеріп, түсіндіреді. Бұл әдістер уақыт үнемдеу үшін, білім алушы сабақты тиімді меңгеру үшін қажет.

Тарихқа қатысты қатысты проблемалық сұрақтар:

Зерттеу сұрақтары білім алушыларды тақырыптың белгілі бір аспектісімен таныстырып, оқыту жоспарына мазмұнды ұзын тізім жоспарына мазмұнды ұзын тізім етіп енгізуді болдырмау мақсатында әзірленеді.

Әр білім алушы тиісті барлық ақпаратты тізімдеп жатқанша, білім алушыларға шешілетін проблеманы ұсынуға арналған сұрақтар әзірлеген дұрыс. Бұл проблеманы шешу үшін білім алушылардың пән мазмұнын білуге тиіс екендігі сөзсіз. Оқытушы өзінің пән бойынша білімдері мен педагогикалық білімдерін пайдалана отырып, білім алушыларға бұл сұраққа жауап беру үшін қандай әдісті қолданған дұрыс болатынын шешеді.

Мысалдар:

Нацистік Германия

1. Неліктен билік басына Адольф Гитлер келді?
2. Нацистер жақсы азамат па еді?

Сталиндік Ресей

1. Сталиндер қызылдар патшасы болды ма?
2. Сталиндік Ресейдегі ең қауіпті адамдар кімдер еді?
3. Бесжылдық жоспарлар қаншалықты табысты болды?

Оқытушымен шеберлікпен өткізген сұрақ – жауабы оқушыларды анағұрлым қызықты және күрделі жауап беруге жігерлендіреді : айталық, жеке басқа табынудың орын алуына ықпал еткендер; басқалардың үстінен сөз тасыған адамдар; Кеңес үкіметіне күмән білдіруден бас тартқандар.

Оқушыларды топқа бөліп, әр топқа жеке бір саланы қарастыруды тапсыру : бір топ НКВД, екінші топ Ежовты қарастыратын болса, тағы біреулері арыз тасығыштарды қарастырады, т.с.с.

Топтар түрлі көздерден ақпарат алады : кітаптар, құжаттар, интернет т.б

Әр топ өз тақырыбы бойынша қандай ақпарат тапқаны туралы топқа хабарлайды. Топтар өздерінің негізгі қортындыларын баяндау үшін таныстырылым әзірлей алады немесе жай ғана баяндап берулеріне болады.

Бұл таныстырылымдардан кейін бүкіл топ болып, бастапқы сұрақты талқылайды : Сталиндік Ресейдегі ең қауіпті адамдар кімдер еді ?

Оқытушы бұл сұрақтың бір ғана дұрыс жауабы болмайтындығын атап көрсетті.

Осы сұраққа жауап беру барысында, Сіз білім алушылардың көптеген тақырыптарды қамтитынын көре аласыз [3,4]

Қорытынды

Қорыта айтқанда, жаңа әдістердің көмегімен білім алушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады.

Қазіргі интербелсенді оқыту әдістері бойынша жүргізілген сабақтар іздеудің мән-жайына қаныға, білімді тереңінен айтуға төселеді, дәлелдер келтіру, дәлелдеу тәсілдеріне жаттығады, теория мен практиканың бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады.

Қарапайым сұрақтан күрделі сұрақтарды қоя білу арқылы студенттер ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта жасауға, кеңейтуге, өзіндік көзқарастарын білдіріп, бағалауға және талдауға жаттығады. Топтық жұмыс барысында да белсенділік таныту арқылы студенттер дарындылығын байқата отырып, топта өзіндік пікірлерімен ғана емес, көшбасшылық қырымен де таныла бастады.

Оқытудың әдіс-тәсілдерін өз сабақтарымда қолдану барысында түсінгенім студенттердің бірін - бірі тыңдап, құрметтеуіне үйретуі, бұрын үндемей отыратын студенттің сабақ барысында қызу араласуы сабақтың ерекше, олардың еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуге мүмкіншілік туғызады. Мұндай әрекет сабақтың барлық үш кезеңінде байқалып отыратындығы сөзсіз. Білім беру процесі - ақпараттық қоғам жайындағы жас өспірімдерді жан-жақты даярлайтын процестер болуы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Интернет ресурсы: Қазақстан тарихын оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану- сапалы білім негізі. Кайсарова Гулдаурен Турарқызының мақаласы
2. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. II деңгей. НЗМ ДББҰ, 2017. - 139 б.
3. Қазақ тарихы № 2 (141), 2016 -44 б
4. Әлімов Асхат Қамзаұлы. – Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану: Оқу құралы.-А 2015-180б
5. Қазақстан тарихы:әдістемелік журнал. №6, 2009ж., 25 б

Қазақстандағы ұйғыр әдебиетінің даму жолдары

ТАИРОВА ИБАДЯТХАН
Алматы облысы, Ұйғыр ауданы
«Шырын орта мектебі» КММ
Ұйғыр тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақстан ұйғыр әдебиеті ұйғырлардың тарихи отаны, яғни қазіргі Шынжаң-Ұйғыр автоном районында ғасырлардан бері өзінің барлық мүмкіндігімен дамып келе жатқан ежелгі және классикалық ұйғыр әдебиетінің мұрагері. Зерттеуші ғалымдар бір ғасырлық тарихқа ие бұл әдебиеттің негізін өткен ғасырдың басынан, әсіресе, 20-30 жылдардан, яғни Жетісу жерінде орнаған Кеңес үкіметі дәуірінен басталатындығын атап көрсеткені мәлім.

Өйткені кеңес идеясы көп ұлтты халықтар әдебиетінен өмірге жаңаша көзқараста болуды, біріншіден, социализмді мадақтауды, бұрынғы өткен әдебиетінен мүлдем өзгеше күйде дамуды талап етті. Солар қатарында ұйғыр әдебиеті өкілдері де бұл талаптарды назарға ала отырып, шығармашылықпен айналысты. XIX ғасырдың аяғында Шығыс Түркістанда қытай отарлауына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалысы, сол жердегі ұйғыр әдебиеті және оның уәкілдерінің санасына орнығып алған тәуелсіздік, еркіндік идеялары кеңес дәуірінің алғашқы сатысында әлі өшіп, ұмытылып үлгермеген еді.

Бірақ кеңес саясатының қатты қысымынан олар бұл мақсатынан шегінуге, өз туындыларының идеялық мазмұнын өзгертуге, тіпті бұл елді тастап, басқа елдерге шығып кетуге мәжбүр болды. Сонда да ұйғыр әдебиеті классикалық әдебиеттің кейбір әдет-ғұрыптарына бағынған күйде, сондай-ақ басқа да туыс халықтар әдебиеттерінің ең жақсы үлгілерін қабылдай отырып өркендеуге бастады.

Жетісудағы ұйғыр әдебиеті даму барысында бір қатар басқыштардан өткендігі мәлім. Ұйғыр зерттеушілері тәуелсіз Қазақстан дәуіріне дейінгі болған әдебиетті «20 жылдар әдебиеті», «30 жылдар әдебиеті», «Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі дәуірдегі ұйғыр әдебиеті», «50 жылдардағы әдебиет», «Заманауи

ұйғыр әдебиеті (1960–1970 жылдар)» дегенге ұқсас бес дәуірге бөлген еді.

Бұны «Ұйғыр кеңес әдебиетінің тарихы» деген ұжымды монографиядан (Uyghursowétedebiyatiningtarixi 1986) айқын көруге болады. Бұл кеңес дәуіріндегі ұйғыр әдебиетінің тарихы жүйелі түрде зерттелген алғашқы ғылыми еңбек болатын. Ерекше айта кететін жәйт, ұйғыр әдебиетінің өркендеген дәуірі 80 жылдарға тура келеді, өйткені бұл уақытта әдебиеттің барлық жанрлары мен тақырыптары, бағыттары мен тәсілдері жоғары жетістіктерге жетті, жазушылардың қаламы өткірленді, жаңа есімдер пайда болды және тәрбиеленді.

80 жылдардың екінші жартысында бүкіл Кеңес Одағы аясында болған «қайта құру» немесе «өзгертіп құру» реформасы нәтижесінде қоғамда саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік өзгерістер жүзеге аса бастады.

Соның нәтижесінде мемлекет демократияға қарай бағытталды. Бұл өз кезегінде бүкіл кеңес әдебиетінде, сонымен қатар ұйғыр әдебиетінде еркін шығармашылықпен айналысуға, өз ойын ашық айту мүмкіндігіне алып келді. Ұйғыр жазушылары тарихи тақырыптарға көбірек негізделуге, әлі сыры ашылмаған «ақ таңдақтарды» игеруге, қоғамдағы теріс құбылыстарды сенімді түрде сынауға көңіл бөле бастады. Бірақ кейінгі жылдарда ұйғыр әдебиетінің өнімділігінің төмендеуі байқалды. Бұл, біріншіден, жазушылар қатарының азаюымен байланысты болды. Ұйғыр әдеби үрдісінің негізіне айналып, бүкіл бір халықтың мақтанышы болып келген көркем сөз зергерлері Незмәт Абдуллин, Жамалидин Босақов, Хелил Нәмраев, Илия Бәхтия, Қурван Тохтәмов, Зия Сәмәди және басқа да көптеген әдіптердің дүниеден кетуі орны толмас қасірет болды. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері, яғни 90 жылдардан бастап ұйғыр әдебиетінде тәуелсіздік, азаттық, еркіндік идеялары көрініс тауып, қазақстандық патриоттық рухтағы жаңа қалам иелері шыға бастады. Бұның барлығы бауырлас қазақ халқының қолға келтірген жетістіктері, тәуелсіздік салтанатымен, достық пен бірлік қасиеттерімен тығыз байланыста болды.

Қазақстандағы саяси түзімнің өзгеруіне байланысты жетпіс жылдан көп уақыт ішінде ұйғыр әдебиеті тарихын кезеңдерге бөлу мәселесі күн тәртібіне қойылмады, яғни бұл маңызды мәселеге айланбады.

Әдебиет тарихын кезеңдерге бөлу тек қана ұйғыр мектептері үшін түзілген «Ұйғыр әдебиеті» оқулықтарында белгілі дәрежеде өз орнын тапты, бірақ, оларда бұрынғы ұсыныстардан өзге өзгерістер болмады.

Қазақстан өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін, 1991 жылдан кейінгі кезең «Тәуелсіз Қазақстан әдебиеті» деп аталды. Бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда, бір ғасырға жақын тарихы бар ұйғыр әдебиетін «XX ғасырдың бірінші жартысындағы ұйғыр әдебиеті», «XX ғасырдың екінші жартысындағы ұйғыр әдебиеті», «Тәуелсіз Қазақстан дәуіріндегі ұйғыр әдебиеті» деген үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. 20 жылдардан 50 жылдардың аяғына дейін болған аралықтағы ұйғыр әдебиеті тарихи және саяси өзгерістерге байланысты бір бүтін дәуірді өз ішіне алады. 60 жылдардан кейін болса, ұйғыр әдебиетінде күрт бұрылыс орын алған еді.

Әсіресе, 50 жылдардың ортасында, сонан соң 60 жылдардың басында ұйғырлардың тарихи отанынан Орта Азия республикаларына көптеген ақын, жазушылардың көшіп шығуы бұл жердегі әдеби мұхиттың жандануына, жаңа атақты есімдер мен салмақты шығармалардың пайда болуына алып келді. Қысқасы, бұл дәуірде Қазақстан ұйғыр әдебиеті тақырып, жанр, тіл-стиль, көркемдік тағы басқа да ерекшеліктері жағынан тез дами бастады.

Ұйғыр әдебиеті басқа да халықтар әдебиеттерімен тығыз байланыста өсті, шынықты. Тарихтан жақсы мәлім, Қазақстан ұйғыр әдебиетінің қалыптасуы негізінен 20 жылдардан басталады. Одан бұрын, яғни қазан төңкерісіне дейінгі дәуірде кейбір шығармалар ортаға шыққан болса да, олар бір бүтін әдеби үрдісті құра алмайды. Алайда сол кезде өмір сүрген Нәзәрғожа Абдусемәтов, Абдулһәй Мұһәммәдий, Абдулһемит Ғожамбәрдий, Һебиб Закирий, Өмәр Мұһәммәдий, Нур Исрайилов, А. Мушрапилов, М. Адиллов, Һезим Искәндәров, Турди Һәсән, Мәмүн Һәмраев сияқты ақын-жазушылардың шығармашылығы ұйғыр әдебиетінің кейінгі дәуірлерде өсуіне, баюына негіз жасады. Бұл кезде ұйғыр баспасөзінің өсуі де жазушылардың өз шығармаларын жариялау және әдеби процестің дамуына әсерін тигізді.

Ерекше айта кететін жәйт, ұйғыр әдебиетінің алғашқы жылдарында, әсіресе, поэзия саласы тез дамыды.

Заман талабына сай, сол кездегі өзгерістерге тез жауап беру мүмкіндігіне ие әдебиеттің бұл түрінде көптеген ақындар шығармашылықпен айналысты. Жарыққа шыққан шығармалардың бәрінде дерлік жаңа түзімді мадақтау ахуалы орын алды. Яғни азаматтық, саяси лирика ортаға шықты және дамыды.

Бұл дәуір ұйғыр поэзиясында оның барлық түрлері, тіпті дастан жанры да ұйғыр ақындарының назарында болды. Бірақ бұл жерде ұйғыр ақындары ұлттық идеядан түгел шегінді деген қорытынды шықпайды. Әсіресе Нәзәрғожа Абдусемәтов, Абдулһәй Мүһәммәдий секілді осы дәуірдің көрнекті өкілдерінің шығармаларында тәуілсіздік, азаттық идеялары мәлім дәрежеде өз көрінісін тапты. «Ұйғыр баласы» атты лақаппен танылған ақын, жазушы және тарихшы Н. Абдусемәтов шығармашылығында ұйғырлардың тарихи отаны Шығыс Түркістан және онда жүргізілген азаттық күресі басым орынды иелейді.

Ол бұл тақырыпты кеңес ұйғыр әдебиетіне алғашқы рет алып кірген жазушылардың бірі. Ақынның «Хан-тәңри», «Сал», «Оян», «Ұйғырым», «Назугум» шығармалары бұның жарқын дәлелі. Соған ұқсас Абдулһәй Мүһәммәдийдің «Ашылмайды көңілім», «Жас жүрегім» атты өлеңдерінде азаттық, тәуелсіздік идеялары шоғырланған. Бұл тақырып Т. Һәсәннің көптеген өлеңдерінде, сондай-ақ Н. Исрайиловтың «...Сыртында», Һ. Искәндәровтің «Ұйғыр қызы», «Хантәңри» поэмаларында да жалғасын тапты. Өз дәуірінде бұл шығармалар кеңес үкіметі тарапынан ұлтшылдық деп танылып, олардың авторлары кейінірек сол түзімнің құрбандарына айналды.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы ұйғыр әдебиетінің дамуында алғашқы өрлеу құбылысы байқалған болса, кейінгі жылдарда шегіну немесе бір жерде тұрып қалу күйін кешті. Бұған сол дәуірдің саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайлары себеп болды. Бүкіл Кеңес Одағы аясында болған ұжымдастыру саясаты, ашаршылық, 30 жылдардағы саяси қуғындау, 40 жылдардағы Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру әрекеттері және басқалар халық мәдениетінің, әдебиетінің дамуына теріс әсерін тигізген еді. Нәтижеде ұйғыр әдебиетінің дамуы 40 жылдарға келгенде тоқтап қалды.

Соғыс жылдарындағы ұйғыр әдебиетіне негізінен тек ғана екі ақын: Исмайил Саттаров және Қадир Һасанов уәкілдік ете алды.

Ұйғыр әдебиетінің құрылу жылдарының сондай қиыншылықтарын бастан өткізгеніне қарамай, ақын-жазушылар заманға сай туындыларды жазып шығаруға тырысты.

Әрине, бұл кезең әдебиетінде проза және драматургия салалары да дамып, белгілі бір жетістіктерге қол жеткізді. Ұйғыр әдебиетінде проза жанрының қалыптасу жолындағы алғашқы қадамдар Ө. Мухәммәдий, Н. Исрайилов, Т. Нәсән, М. Нәмраев тәрізді ұйғыр әдебиетінің көрнекті уәкілдеріне тиісті. Жазушылар бұл кезде кіші көлемдегі шығармалардан повесть, роман секілді көлемі үлкен, эпикалық жанрларға бет түзеді. Н. Исрайиловтың «Күндер», «Қызыл ту ордені», Турди Нәсәннің «Зұлым ошағы» повесттері, М. Нәмраевтың «Толқындар арасында» романы және басқа да туындыларда Жетісудағы ұйғырлардың өмірінде болған әлеуметтік, мәдени өзгерістер, олардың тұрмыс-тіршілігі, өзара байланыстары, әдептілік мәселелері суреттелді. «Толқындар арасында» туындысы кеңес ұйғыр әдебиетіндегі тұңғыш роман болып, оның авторының сондай-ақ «Алаңнан дауыс» атты тағы бір роман жазғандығы туралы мәліметтер барлығы белгілі. Бірақ осы романнан біршама үзінділері сол уақыттағы баспаларда шығарылса да, ол туынды кейбір себептерге байланысты жеке кітап ретінде жарық көрген жоқ.

Бұл мезгілдегі жазушылар сонымен қатар Шығыс Түркістан тақырыбынан тыс қалмай, екі мемлекетте өмір сүріп жатқан ұйғырлардың тұрмысын, басынан өткізген қайғы-қасіреттерін кейде салыстыру мәнінде көрсетуді мақсат етті. Н. Исрайилов, Н. Закирийдің жоғарыда аталған «Күндер», «Зұлым ошағы» туындылары соның бір айқын дәлелі. Бұл кезең әдебиетінде драматургия саласы да өзіне тән ерекшеліктерімен дами бастаған еді. А. Розобақиевтың «Мансапқор», З. Бәширийдің «Садыр ханруқ», Б. Қасимовтың «Қырсық күндер», Ж. Асимов пен А. Садировтың «Анархан», И. Саттаров пен В. Дьяковтің «Ғерип-Сәнәм», Қ. Насановтың «Тұман» атты драмалық туындыларының жарық көруі, 1934 жылы Ұйғыр театрының ашылуы ұлттық драматургияның қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл атқарды.

Бұл кезеңдегі поэзия, проза және драматургия салаларында да ұйғыр ақын-жазушылары халық ауыз әдебиетімен классикалық жазба әдебиетінің бай үлгілерін, әдет-ғұрыптарын пайдалана отырып, ұйғыр әдебиетін түр және тақырып жағынан көп байытты, және де кейінгі кезең жазушылары үшін үлкен үлгі-өнеге бола алды.

XX ғасырдың екінші жартысындағы ұйғыр әдебиеті жаңа даму кезеңіне көтеріліп, оның жанрлық және тақырып жағынан кеңейіп, басқа халықтардың әдебиеттерімен байланысы нығайды, жазушылардың өз шығармаларын шығаруға мүмкіншіліктер туды. Ұйғыр халқының мәдени өмірінде жүзеге асқан жаналықтар, соның ішінде «Коммунизм туғи» және оның қосымшасы «Йеңи һаят» газеттерінің басылып шығуы, Қазақстан Жазушылар одағы жанында ұйғыр әдебиеті кеңесінің және оның құрамындағы «Жазушы» баспасында ұйғыр бөлімінің, және де республиканың алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі Абай атындағы Қазақ педагогика институтында ұйғыр бөлімінің, радио және теледидарда ұйғырша бағдарламалардың ашылуы да соның бір айқын дәлелі.

Бұл дәуір әдебиетіне сай ерекшеліктердің бірі ұйғыр ақын-жазушыларының дастан және романға ұқсас эпикалық жанрларға жүгінуі және осы бағытта ұйғыр халқының өміріндегі маңызды кезеңдерді, өзгерістерді суреттеуі болып табылады. Тарихи мазмұндағы шығармалардың жазылуы және оларды оқырмандардың қызығушылықпен қарсы алуы да, жазушылардың өткен күндерге, халқының еркіндігі үшін болған ұлт-азаттық күреске арқа сүйеуінен көрінді. Ұйғыр және де қазақ зерттеушілері тарапынан ең нәтижелі кезең деп есептелген дәуір: 70–90 жылдар аралығындағы ұйғыр әдебиетіне Зия Сәмәди, Һезмәт Абдуллин, Жамалидин Босақов, Илия Бәхтия, Мәсимжан Зулпикаров, Қурван Тохтәмов, Патигүл Сабитова, Йүсүпбәк Мухлисов, Йүсүп Илияс, Хелил Һәмраев, Махмут Абдурахманов, Савут Искәндәров, Шайим Шаваев, Савутжан Мәмәтқулов, Мирзахмәт Меримов, Муңлуқ Бақиев, Малик Садиров, Әкрәм Садиров, Долқун Ясенов, Мәмтимин Розибаев, Абдумежит Дөләтов, Илахун Жәлилов, Илахун Һошуров, Хуршидәм Илахунова, Абдуғопур Қутлуқов, Аблиз Һезимов, Рәһимжан Розиев және басқалар уәкілдік етті. Бұл кезең әдебиетінің ең басында тұрған Қазақстан халық жазушысы З.Сәмәдидің «Майимхан», «Жылдар сыры» шығармалары Қазақстан ұйғыр әдебиетінде романның эпикалық жанр

ретінде қалыптасып, өзіне сай барлық ерекшеліктерімен әйгіленді. Расында да З.Сәмәди, Ж. Босақов, Н. Абдуллин, М. Зулпиқаров, Т. Тохтәмов секілді романшылар тарихи және заманауи тақырыптарға сүйене отырып, романның ұйғыр әдебиетіндегі жетекші жанрлардың бірі болғанын дәлелдеді.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдарда ұйғыр жазушыларының тарихи отан – қазіргі Шынжаң-Ұйғыр автоном районындағы бауырластарымен болған байланыстары одан сайын кеңі түсті. Өткен ғасырдың 50 жылдарынан кейін, Кеңес Одағы және Қытай арасындағы саяси қайшылықтарға байланысты екі елдің мәдени қатынастары 1980 жылдардың ақырына дейін үзіліп қалды. Көптеген ұйғыр, қазақ және басқа да ұлт зиялылары қытай үкіметінің қуғындық әрекеттерінің салдарынан Қазақстан және Орта Азия мемлекеттеріне қоныс аударуға мәжбүр болды. Тәуелсіздік жылдары ШҰАР және Қазақстан ұйғыр жазушылары арасында тығыз байланыстың орнауы, Абдурешим Өткүр, Турди Самсақ, Зордун Сабир, Боғда Абдулла, Тейипжан Елиев, Турғун Алмас сияқты атақты ақын-жазушылар шығармаларының Орта Азияға кіруі, қайта баспадан шығуы бұл жердегі ұйғыр әдебиетінің дамуына өзінің оң ықпалын тигізді. Өз кезегінде Қазақстан ұйғыр жазушыларының шығармалары да Үрүмчи, Құлжа, Қашқар, Ақсу, Хотан, Жаркент секілді көптеген қалаларда баспадан шыққан газет-журналдарда, кейбір топтамаларда жарық көріп, өзара байланыстарды одан сайын жақсартты.

Қазақстан ұйғыр әдебиеті сонымен қатар Қырғызстанның Жамалдин Қасимов, Хэйринса Турдиева, Өзбекстанның Рәһиләм Һапизова, Һенипәм Салихова, Имин Һосман, Йәһия Тайиров, Ташполат Намәтов, Султан Жамал секілді көрнекті ақын-жазушыларымен тығыз байланыста болып, өзара тәжірибелер алмасты. Осы жұмыстардың нәтижесінде Қазақстан ұйғыр әдебиеті Орта Азиядағы жетекші ұлттық әдебиетке айналды. Әрине, Қазақстан ұйғыр әдебиеті бауырлас қазақ халқының әдебиетімен де жақын байланыста, тарихи-саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерді бастан бірлесе өткізген күйде дамыды. Әсіресе қазақ халқымен өмірдің ыстық-суығын бірге тартысып, әрқандай саяси қуғындарға, экономикалық дағдарыстарға, рухани күйзелістерге төтеп беріп келген ұйғыр жазушылары қазақ халқы тәуелсіздікке жеткеннен кейін, оның қуанышына ортақ болды, қиыншылықтарды бірге өткізді.

Ұйғыр әдебиеті қазақ-ұйғыр әдеби достығы негізінде дамыды.

Тәуелсіздік кезеңіндегі ұйғыр әдебиеті бүгінгі күнде поэзия, проза, драматургия және балалар әдебиеті салалары бойынша дамып келе жатыр. Соның ішінде поэзия жетекші сала болып табылады. «Көп ұлтты Қазақстанның рухани және көркем дәулеті» (Хамраев 2014, S. 3). Әхмәтжан Ғаширов, Илахун Жәлилов, Илахун Ғошуров, Хуршидәм Илахунова, Аблиз Ғезимов, Абдуғопур Қутлуқов тәрізді үлкен ақын-жазушылардың жетекшілігінде ұйғыр әдебиеті экономикалық дағдарыстардан пайда болған қиыншылықтарды басып өткен күйде дамуда. Ұйғыр ақын-жазушылары өз халқының өткен тарихын бейнелеуді негізгі міндеттерінің бірі етіп белгілеп, сонымен бірге жас Қазақстан мемлекетінің жеткен жетістіктерін, ондағы достық, келісім, бірлік идеяларын одан әрі кең түрде үгіттеу, замандастарының бүгінгі көрінісін, армандарын, ішкі сырларын, олардағы адами қасиеттерді және кейбір кемшіліктерді көркем шығармада шынайы көрсету мақсатында біршама жетістіктерге қол жеткізді. Әрине, ұйғыр әдебиеті көп жылдардан бері өзге ұлт әдебиетімен тығыз байланыста дамып келген және бүгінгі күнде де бұған ерекше көңіл аударуда.

Бұл жерде сол әдебиеттерді жақындатуда, сол арқылы халықтар достығын орнатуда маңызды рөл атқарып келе жатқан аудармашылық өнерге ерекше айтуымыз керек. Өйткені әдеби байланыстарсыз, өзара тәжірибе алмасуларсыз ұйғыр әдебиетінің келешегі туралы сөз айтудың мүмкін еместігін жазушылар жақсы түсінеді. Олар сонымен бірге бүгінгі жаһандану дәуірінде Қазақстан ұйғыр әдебиеті алдында шешуге тиіс мәселелердің жоқ еместігіне, оларды тек бірлесіп ғана шешуге болатындығына көз жеткізді.

Қазақстан ұйғыр әдебиетіндегі әдеби жанрлар, ол басып өткен жолдар, әдебиет алаңына шыққан ақын-жазушылар, дамыған әр түрлі бағыттар, жанрлар, тақырыптар, образдар, тіл ерекшеліктері және басқалар, әрине, өз кезегінде, жан-жақты зерттеу жұмыстарының жүргізілуін талап еткен еді. Бұл үлкен бір ғылыми сала болып, сол мәселелерді үйрену, сонымен бірге білімді, тәжірибелі зерттеулерге байланысты болды. Жалпы, Қазақстандағы ұйғыр әдебиеттану пәнінің негізденуі және дамуы шығыстану пәнінің ажырамас бөлігі ұйғыртану ғылымының тарихымен тығыз байланысты.

Әрине, ұйғыртану пәнінің дамуына мемлекеттегі әлеуметтік-саяси өзгерістердің де әсері болды, өйткені кеңес дәуіріндегі әдебиетті сол түзім идеологиясынсыз, заң-қағидаларынсыз көз алдына келтіру мүмкін емес еді.

Ұйғыр әдебиеттану пәнінің алғашқы жемістері 20–30 жылдары пайда болған болса да, ол тек 60 жылдардан тартып ерекше пән ретінде дамыды. Әдебиет дамуының кезеңдері мен бағыттарын, оның тақырыптық және жанрлық ерекшеліктерін анықтау міндеті ғылыми-зерттеу орындарының, жеке зерттеушілердің иығына түсті. Мұның алғашқы қадамдарында Абдулла Розобақиев, Нур Исрайилов, Қадир Ісанов, Абдулһәй Мухәммәдий, Низам Мәваев, Летип Әнсәри және басқалар айрықша көзге түсті. Ұйғыр әдебиеті бойынша зерттеу жұмыстарының жандануына ұйғыр халқының перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері А. Розобақиевтың ұсынысымен 1918 жылы ашылған «Ұйғыр клубы», сонымен бірге «Революциялық ұйғыр қоғамы», «Алтышахар ұйғырларының одағы» секілді ұйымдар, 1921 жылы жұмыс істей бастаған «Кедейлер даусы», 1924 жылы жарық көрген «Бірінші қадам» әдеби және әлеуметтік-саяси журналы, және де «Құтылу», «Қызылтаң», «Қызыл оқушы», «Жас ұйғыр» сияқты газет-журналдар себеп болды. Осының нәтижесінде ұйғыр жазушылары зерттеушілермен бас қосып, ұйғыр әдебиетінің сол уақыттағы маңызды мәселерін шешу, жарық көріп жатқан шығармалар жайлы өз пікірлерін ортаға қою мүмкіншілігіне ие болды. Ұйғыр әдебиеттанудың міндеттерін белгілеуде А. Розобақиев көп күш шығарды. Мысалы, «Кәмбәғәлләр авазы» («Кедейлер даусы») газетінде басылған «Бауырлас Сабиржанның сынына жауап» атты мақаласында ол былай деп жазады: «Жас ұйғыр әдебиеті және жазушылары негізгі, дұрыс, тілектес сынға мұқтаж, баспамызда әдеби сынға кең орын беру қажет. Бұдан әрі басылатын шығармалардың санына қарағанда, олардың сапасына артығырақ көңіл бөлу керек» (Kembeghellerawazi 1926). А. Розобақиев әдебиеттану ғылымының ажырамас бөлігі болған әдеби сын арқылы ұйғыр әдебиетінің көркемдігін арттыру, тілін байыту, оның қазақ, ұйғыр, қырғыз, өзбек тәрізді бауырлас халықтар әдебиеттері қатарынан өзіне лайықты орын алуын ерекше айтып өткен. Әрине, ол жай сөзбен ғана шектеліп қалмай, бұны ұйғыр жазушыларының шығармалары туралы ой-пікірлерін баспаларда басып шығару арқылы дәлелдеді.

Ерекше айтып кететін жәйт, бұл жылдары баспаларда басылған әдебиеттануға сай мақалалар, рецензиялар және басқалар әдебиеттану ғылымының жеке мәселелерін көтерген болса да, оның бір бүтін даму бағыттарын көрсетуге әлі дайын емес еді. Ұйғыр әдебиетін жүйелі түрде зерттеу жұмыстары тек 60 жылдары арнайы қолға алынды. Қазақстан ұйғыр әдебиеттану пәні 1949 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының Тарих, археология және этнография институты құрамында «Ұйғыр-дүңген мәдениетін үйрену» секторының ашылуымен тез дами бастады. Қазақ халқының атақты ғалымы, Қазақстан ғылымының негізін салушысы Қаныш Сатпаевтың бастамасымен ашылған бөлім кейінірек тіл, тарих, этнографиямен бірлікте әдебиеттану мәселелерін де үйренуге кірісті. Аталған ғылым орнының дүниеге келуі бір топ ұйғыр әдебиеттану ғалымдарының тәрбиеленіп шығуына және ұйғыртану пәнінің тіл, әдебиет, өнер, тарих, этнография салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының жандануына себеп болды. Ұйғыр зерттеушілері тәжірибесінің аздығына қарамастан, әдебиет және өнердің біршама кезеңдеріне, заң-қағидаларына назар аударып, қысқа мерзімнің ішінде салмақты ғылыми еңбектерді дүниеге келтірді. «Егер осы уақытқа дейін бізде үлкен ортақ зерттеулер болмаған болса, енді ұйғыр әдебиеті мен өнерінің маңызды мәселелері бойынша бір докторлық және он жеті кандидаттық диссертация қорғалды. Оннан артық әдеби-сыни топтамалар және монографиялар жарық көрді, «Ұйғыр кеңес әдебиеті тарихының очерктері», «Ұйғыр әдебиетіндегі дәстүрлі және новаторлық мәселелер» ұжымдастық еңбектері жарық көрді» (Aktualnyé problémy sowétskogo uygur owédéniya 1983, S. 29).

Ұйғыр әдебиеттануының жеке пән ретінде дамуына алғашында 50 жылдарда, әсіресе, баспа бетінде жарық көрген мақалалар негіз болды.

Бұл жағынан тек зерттеуші-ғалымдар ғана емес, сондай-ақ шығармашылықтың біршама салаларында көрінген Мурат Һәмраев, Һезмәт Абдуллин, Махмут Абдурахманов, Шавдун Кибиров, Қурван Тохтәмов, Қадир Һасанов секілді ғалымдар, ақындар, жазушылар, драматургтар ерекше көзге түсті.

Жалпы соғыстан кейінгі жылдардан бастап әдебиеттану зерттеулері халық ауыз әдебиеті, ежелгі, классикалық және заманауи ұйғыр әдебиеті, өнер, көркем аударма бағыттарында жалғасты. Мұнда, бірінші кезекте, ғылыми кадрлардың жетіліп шығуы, яғни әр түрлі білім және ғылым орындарында құрылып, арнайы ұйымдастырылған ғылыми кеңестер, әр жылдары өткен ғылыми конференциялар шешуші рөл атқарды. Олардың қызметі нәтижесінде ұйғыр әдебиетін зерттеуші ғалымдар қатарына Мурат Һәмраев, Батур Әршидинов, Савут Моллаудов, Маһинур Алиева, Қурван Тохтәмов, Патигүл Сабитова, Ришат Сабитов, Махмут Абдурахманов, Рабик Исмайилов, Әхмәтжан Қадиров тәрізді ғалымдар пайда болды. Кейінгі жылдары олардың қатарын А. Һәмраев, П. Мәхсәтова, Һ. Һәмраев, Г. Молотова, Р. Юсупов, Д. Райханов, Ш. Баратова секілді жас зерттеушілер толтырды.

Қазақстан ұйғыр әдебиеттанудағы зерттеу жұмыстары халық ауыз әдебиеті, ежелгі және классикалық әдебиет, кеңес дәуіріндегі және заманауи әдебиет бағыттарында жүргізілді. Бұл зерттеулер нәтижелері «Ұйғыр әдебиеті және фольклорындағы жанрлар» (1980), «Ұйғыр халық ауыз әдебиеті» (1983), «Ұйғыр әдебиетінің қысқаша тарихы» (1983) атты коллективтік монографияларда және басқа да еңбектерде өз көрінісін тапты.

Ұйғыр фольклоры үлгілерін жинау және жарыққа шығару жұмыстары ХІХ ғасырда Н. Пантусов, С. Малов, В. Радлов, Г. Ярринг сияқты атақты зерттеушілер тарапынан басталып, міне бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Ұйғыр фольклорының ертегі, бейіт, қошақ, мақал-мәтел, аңыз, жұмбақ және басқа да түрлерін жан-жақты зерттеу өткен ғасырдың 50 жылдары қолға алынып, алғашқы монографиялық еңбектер тек 70 жылдары жарық көрді (Aliéwa 1989, S. 5). Ұйғырлар шоғырлана орналасқан Панфилов, Ұйғыр, Шелек, Еңбекшіқазақ, Талғар аудандарында, сонымен қатар Алматы, Есік, Жаркент, Ташкент, Фрунзе (қазіргі Бишкек), Пржевальск (Қарақол) қалалары және басқа да жерлерге жасалған ғылыми экспедициялар барысында көптеген материалдар жиналды. М. Алиева, М. Кәбиров, Ж. Мусаев, Һ. Ваһидов, Һ. Искәндәров, М. Һәмраев, З. Қаһһаров, Ғ. Сәдвақасов, Р. Сабитов, Б. Әршидинов сияқтылардың авторлығында көптеген топтамалар жарық көріп, солар негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Атап айтқанда, бұл салада М. Алиеваның «Уйгурская сказка», «Жанры уйгурского фольклора», Р. Сабитовтың «Ұйғыр халық ауыз әдебиетінде сатира және юмор» монографиялары, «Ұйғыр халық ауыз әдебиеті» ұжымдық монографиясы басып шығарылды.

Қазақстан ұйғыр әдебиеттану пәнінің дамуында әдебиет мәселелеріне арналған докторлық және кандидаттық диссертациялар, ондаған монографиялар, жүздеген ғылыми мақалалар маңызды рөл ойнады. Бұл үлкен саланың басында көрнекті ғалым Мурат Һәмраев болды. Оның классикалық және заманауи әдебиеттің ең күрделі мәселелерінің бірі өлеңдік өлшем туралы жасаған зерттеулері нәтижесінде жарық көрген «Ұйғыр классикалық және қазіргі заман поэзиясындағы ұйқас», «Түркі поэзиясының негіздері», «Түркі поэзиясының очерктері» және басқа да еңбектері әлемнің атақты ақындары тарапынан жоғары бағаланған еді. Бұдан тыс ұйғыр классикалық әдебиетінің ежелгі, классикалық және одан кейінгі дәуірлердегі маңызды мәселелер, біршама ақын-жазушылардың шығармашылығы, әдеби байланыстар, жанр және тақырыптар, өлеңдік өлшемдер, басқа да маңызды мәселелердегі ерекшеліктер С. Моллаудов, М. Абдурахманов, П. Сабитова, Р. Исмаилов, А. Һәмраев, П. Мәхсәтова, Р. Юсупов сияқты зерттеушілердің еңбектерінде, сондай-ақ арнайы әдебиет мәселелеріне арналған бір қатар ұжымдық монографияларда (2014, 2015) өз орнын тауып, бұл еңбектер ұйғыр әдебиеттану ғылымының дамуында маңызды рөл атқарды.

Қорытындылап айтқанда, Қазақстан ұйғыр әдебиеті бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда, үш үлкен кезеңді басып өтті. Бұл кезеңдер тарихи, саяси, әлеуметтік, мәдени ерекшеліктері жағынан бір-бірінен айрықша болды. Соған қарамастан, ұйғыр әдебиеті жүз жылға жуық уақыт бойы үстемдік еткен коммунистік идеология, қоғам және қоғамдағы бұрылыстарға, өзгерістерге қарамай, ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға, халықтың армандарын жүзеге асыруға және ұзақ жылдардан бері келе жатқан әдеби әдет-ғұрыптарды жалғастыруға тырысты. Ол сондай-ақ басқа халықтар, бірінші кезекте, бауырлас қазақ халқының әдебиеті және оның жарқын өкілдерінің ұлы мұрасымен болған көпғасырлық байланыстарын сақтап қалу, заманға сай әдеби достықтың жана жолдарын табу мақсатында тыным таппай ізденуде.

Мақалаға пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уйғур совет әдәбиятиниң тарихи. – Алмута, 1986. – 230 б.
2. Хамраев А. Уйгурская поэзия независимого Казахстана. – Алматы, 2014. – 256 с.
3. Кәмбәғәлләр авази, 1926-жил, 30-март.
4. Тохтамов К., Алиева М., Маматахунов У. Развитие литературы и искусства советских уйгуров // Актуальные проблемы советского уйгуроведения. – Алма-Ата, 1983. – С. 27-34.
5. Уйғур әдәбияти вә фольклоридики жанрлар. – Алмута 1980. – 228 б.
6. Уйғур әдәбиятиниң қисқичә тарихи. – Алмута, 1983. – 188 б.
7. Уйғур хәлиқ еғиз ижадийити. – Алмута, 1983. – 260 б.
8. Алиева М. Жанры уйгурского фольклора. – Алма-Ата, 1989. – 176 с.
9. Современная литература народа Казахстана. – Алматы, – 488 с., Уйгурская литература независимого Казахстана. – Алматы, 2015.

18.01.2024 ж №U00054

**Математика сабақтарында ұлттық
құндылықтарды қалыптастыру жолдары**

МАШУРОВА ЗУЛЬФИЯ АРКИНОВНА
Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы
«Жамбыл атындағы орта мектеп» КММ
Математика пәнінің мұғалімі

*«Қытайлықтарұлықытайқорғанымен,
итальяндықтарсаздыәуеніментанқалдырса,
қазақхалқыұлттыққұндылықтарменбайтілінмақтанетеді,»* - деген екен
ұлықемеңгержазушы **М.О.Әуезов**. Қазіргі ғаламдану
кезеңіндеұлықазушымызатапайтқанұлттыққұндылықтармызбенбайтіліміздікел
ерұрпаққажеткізудемектептіңроліменұстаздарқауымыныңаларорныерекше.
Бүгінгіжаһандануүрдісіндеәрұлт, әрмемлекетөзіндікменталитетін, өзіндікбет-
бейнесінсақтапқалуғатырысуда.

Білім беру заңында *«Білім беру жүйесініңбастыміндеті-
ұлттықжәнежалпыазаматтыққұндылықтар, елжандылыққа, өзОтаны–
Қазақстандысүюгехалықдәстүрлерінқастерлеугетәрбиелеу»* делінген.
Сондықтанмұғалімжан - жақтыжетілген, білімді, халықтықдәстүр, әдет -
ғұрыппенсалт - санаерекшеліктеріненсусындағаншәкірттәрбиелеуііс.
Өйткені,
білімменғылымдыөздәрежесіндемеңгергенелдерғанаэкономикалықдамудаәлемд
ікдамудыңалдыңғыкөшіндеболаалады.

Қазақхалқыертезамандарда
ғылымменбілімгееркінқолыжетпеседеөмірліктәжірибеденоқыпүйреніпталғайбіл
іп, шеберліктіңнебірсансаласынасқанұқыптылықпенсақтап,
біздіңдәуірімізгежеткізебілген.

Тәуелсіз,
тұғырлымемлекетөзұлттықтәрбиесінұрпағынаеркіндарытаотырып, танытар
болса, ол елдіңболашағыжарқынболатынына күмән жоқ. Ендеше,
бүгінгіегемендігіміздіалыпотырғанзамандаөзұлттықтәрбиеміздінасихаттап,
халыққатанытужолындаұстаныпотырғанбағытымыздұрысдепойлаймын..

Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Өйткені, бүгінгі күннің жастары ертеңгі халқына қызмет ететін азаматтар. Жас ұрпақтың көкірегіне білім нәрін себетіріп, елдігімізді қайта жаңғыртып, адамгершіліктің дәнін ексе, ана тілін бойына дарытып, ұлттық рух тат әрбиелесек, нұр үстінен нұр болып, еліміз көркейіп дамиды. Сол себепті, білім алу қаншалықты маңызды болса, жақсы, өнегелі тәлім-тәрбие алу да соншалықты маңызды.

Қыран болып аспанға қалықтап шығуымыз үшін бізге екі қанат қажет, ол қанаттың біріншісі – ұлттық тәлім-тәрбие, екіншісі – жақсы білім арқылы берілетін адами құндық қасиеттеріміз.

Жалпы, **құндылық** деген не? Адам үшін не құнды және неге құнды? **Құндылық** – бұл құнды нәрсе. Құндылық-тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеялар, адами асыл қасиеттер. Құндылықтардың негізгі көздері: өмірге деген ерік күші, адам және оның өмірінің мәнін түсіну. Бұлардың арасында мәңгілік құндылықтар: рухани, тарихи, ментальді-этникалық.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

-оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

-жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

-ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін қастерлеу сияқты міндеттерін орындағандағы басты мақсат қажет еміз.

Сондықтан мектеп тәрбиесі – болашақ азамат тұлғасын қалыптастыратын орта. Оның негізгі өзегі өнегелілік қасиет болуы - өмір талабы. Әрбір тәрбиелеп отырған азаматтарымыздың ұлттық санасын оятып, жоғары деңгейге жеткізсек, сондағы ана біз әрі алғыр, әрі батыл, әрі шапшаң, өз заманымыз ақыл-ойын толық меңгерген, тайсақтауды білмейтін нағыз текті ұрпақ тәрбиеледік деп мақтанышпен айта аламыз. Ендеше қойнауы кенгетолы жеріміздің байлығын, ырыс-құтымызды, дәулетімізді төгіп шашпай ұстайтын, жүректерін детүйсіктанімі бар, ата-бабамыздың бай тәрбиелілік құралдары мен тәрбиеленген жігерлі жігіттер,

ибалықыздар бүгінгі қоғамның басты сұранысы болып отыр. Патриотизмнің биік үлгісін сөзімен де, ісімен де көрсете білген халқымыздың біртуара заматтарының бірі М. Жұмабаев “Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті” деген екен. Халқымыздың бай тәжірибесінен отырып, өскелең ұрпақты руханилыққа, өнегелілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу --- мемлекеттің, білім беру мекемелерінің, жанұяның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Ұрпақ тәрбиесі ертеңді күтпейді

Олай болса, ұлттық құндылықты жастайынан бала бойына сіңіре білсе келіміздің ертеңі ашық, келешегі жарқын, дұрлық болмақ, несімен ерекшеленбек дегенде ұлттық құндылығымен және білімді ұрпағымен деген іміз жөн болар. Елбасымыздың сөзімен айтқанда, «Қазақстан біреулердің қазақтарға тартуы емес, олардың тарихи Отаны». Адам бойына біткен алуан қасиет, дарын туған топырақтан дариды. Осы адам қасиеттерді сабақ үрдісінде, сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың бойында қалыптастыру жолдарын қарастырайық.

Мектеп оқулықтарының мазмұны көбіне жергілікті жердің мәдениетін, тұрмыс-тұрпатын, ұлттық қабылдауларды ескермей, дерексіз сипатта болады. Математика пәні оқытуда қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеудегі өмір тәжірибесінен, салт-дәстүрінен, шаруашылық жүргізу тәсілдерінен көрініс бере отырып оқытқан тиімді.

Ұлттық дәстүрлі мазмұндағы есептер, қазақтың қара есептері, ұмытыла бастаған ұлттық дәстүрлеріміз, сондай-ақ ертегі есептер, ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, қазақтың байырғы өлшем бірліктері, қазақша жыл есептеулер т.с.с оқушыларды ұлттық дүниетанымын кеңейтеді. Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан қазақ халқының ауызша есептері ауыз әдебиетінің бір жанры болып табылады. Логикалық ой қорыту жолымен шығарылатын халықтың байырғы есептері арқылы халық мұрасы мен таныса отырып, әр түрлі тәсілмен шешуге болады

Халық есептерінің түрі сан алуан. Есептерді шешкенде және жауабын тапқанда берілген шарттармен қоса,

қазақхалқыныңтұрмыстіршілігінетәнкейбір деректердіескеруқажет. Мысалы, “Малайырбастау” дегенесептеірімалиесіқойлышаруаға: “Інгенімніңәржілігіекіқой, биемніңекіжілігіүшқой, сиырымныңәраяғыбірқой”, —дейді. Қойлышаруаірімалиесініңайтқанынакелісіп, оғанқырықалтықойбередіде, орнынаалғанбиесінмініп, інгенінжетектеп, сиырынайдапүйінеқайтады. Байырғықазақғұрпыбойыншаірімалкейде“онекіжілік”етесебіменбағаланған. Есептіңлогикалықтүйінідеосында. Тұрмыстықсалт-ғұрыптан туып, ойнақыкүлкі, жарастыәзілгеқұрылғанауызшаесептішешуікісініңдүниетанымынбайытуға, есепкедегенқұштарлығынарттыруға, соларқылыойынұшқырлауғасептігінтигізеді.. Ендеше, ұлттықмазмұндыесептердішығару - бұладамныңойлауқабілетіндамытып, логикасын жетілдіріп, тез ойлауға, алғырлыққа, тапқырлыққатәрбиелеп, халқыныңөткенөмірінекөзжібертеді.

Мысалы-1 «Алты қанаткіізүйгеекімысықкеліпкірдіде, біріншікерегеніңтүбінеекеуібалалап, әрқайсасыалтыданбалалады. Олардыңбәріде мысықболыпөстіде, тағыдаалты- алтыданбалалады, т.с.с. осылайшаәркерегеніңтүбінебарыпбалалапшықты». Сондакіізүйденнешемиысықөсіпшығады?

Мысалы-2 «Екі сегіз он алты, жәнесегіз, жәнеалтыжанапжүргенбіралты, қосындысынешеалты?»

Шешуі: $2 \cdot 8 = 16 + 8 + 6 + 6 = 36 = 6 \cdot 6$

Ұлттықмазмұндыесептерадамдардыңарымпаздыққа, алғырлыққа, ойұшқырлыққатәрбиелейді.

Мысалы: 7- сыныптағы: Тендеулержүйесінқұрутақырыбына: «Қазбентүлкі»ертегісіноқиотырып, мынатеңдеудішешеміз: «Түлкісінаярлыққабермейтіндес, Көрейінсендеқаншаақылменес. Балапан, көжексанынөзіңтапшы. Аяқтарды 94, басы 35»

Есептіңмәтінінтүсіну. Түлкініңайлакерлігі, қаздыңақылдылығы, балапанда- 2 аяқ, көжекте -4 аяқ.

Теңдеуқұру: Балапан саны – x. Көжексаны– y Балапанда 2 аяқ– 2x.

Көжекте 4 аяқ – $4x$.
Сонда $\begin{cases} x + y = 35 \\ 2x + 4y = 94 \end{cases}$ Теңдеулер жүйесі шығады.

Теңдеулер жүйесін шешу.

$$\begin{cases} x + y = 35 \\ 2x + 4y = 94 \end{cases} \begin{cases} x = 35 - y \\ 2 \cdot (35 - y) + 4y = 94 \end{cases}$$

$$\begin{cases} x = 35 - y \\ y = 24:2 \end{cases} \begin{cases} x = 35 - 12 = 23 \\ y = 12 \end{cases} \begin{cases} x = 23 \\ y = 12 \end{cases}$$

Есептің жауабы: 23 балапан, 12 көже u-s.kz Устаздар сайты

Теңдеулер жүйесін шешу.

Есептің жауабы: 23 балапан, 12 көже

Адамзат қоғамының дамуының алғашқы кезеңдерінің өзінде-ақ өмір сүруге керекті білім пайда бола бастаған. Өздерінің пайдаланып жүрген ыдыстарының көлемі, жүріп өткен жерінің алыстығы, бағып жүрген балының санын, өз жерінің ауданын білу үшін ондай шамаларды өздері өте жиі қолданатын сәйкес шамалармен салыстыру пайдаланған. Қазақтың байырғы өлшем бірліктерін ертеректе тұрмыста қолданған. Мысалы: ұзындықты адам өзінің қад амымен, қысқалау ұзындықты саусақтарының әр түрлі өлшемімен салыстыратын болған. Қазақтарда әртүрлі өлшемдер жиі кездеседі.

Мысалы:

1. Қозы көш жер орта есеппен 14,5 км
2. Күзгі көш жер орта есеппен 25,5 км
3. Орта көш жер орта есеппен 90 км

Адамның дене тұрқына байланысты:

-ұзындық өлшемі: елі, сүйем, тұтам, білем, шынтақ, қолтық, сынық, қарыс, сүйем, құлаш, табан, адым, аттам.

Тереңдік өлшемдері:

-тобыққа дейін, тізеге дейін, белуардан, кісі бойы.

Адамдар ерте заманнан-ақ өз өміріндегі кейбір құбылыстардың аспан денелерінің қозғалысымен, күн м

ен түннің ,судың келуі мен қайтуының
,күн қызуымен байланысты екенінбайқаған.
Көптеген құбылыстардың белгілі бір мерзімде қайталанып отыратынын анықта
ғаң.Өмір тәжірибесінде осыны байқап,өздерінше қорытынды жасаған.
Осының нәтижесінде 12 жылға
12 хайуанның атын беріп, сол бойынша адамдардың қай жылы туылғанына қар
ап,адамдардың мінезінің жақсы жаман жақтарын білуге,болашағына болжам жа
сауға болады дептүйіндеген. Мысалы 1937 жылы туған адамның мүшел жы
лы сиыр болады.Ол былай есептеледі: $1937+9=1946$: $1946/12$ 162 тиеді де
,2 қалдық қалады.демекол адамның мүшел жылы сиыр. Сондай-
ақ жыл он екі ай аттарын саусақтың буындары арқылы белгілеп,жеті аптаны
және әр айдың соңғы күнін анықтаған.Қолдың алақан буындары 7 аптаны көрс
етеді.Бүгін, ертең, бүрсүгін, арғы күні, ауыркүн, соңғы күн, азына.
Ал әр айдың соңғы күнін,
яғни ай нешесінен аяқталатынын да төмендегідей анықтаған.Мысалы:
31 күннен аяқталатын айларқаңтар,
наурыз, мамыр, шілде, тамыз,қазан, желтоқсан.(29) 30 күннен аяқталатын айла
р: ақпан, сәуір, мамыр, маусым,
қыркүйек, қараша. Халқымыздың осы есептерібүгінгікүнге дейін өз күшін жой
ған емес.

Салт-сана,
дәстүрсияқтыәр халыққа өзіне тән ұлттық ойыны болады. Есептердің біразы ерт
егіретінде декездеседі. Мақал-
мәтелді де есепмазмұнына сәйкес орынды қолдануға болады.Халық есептерінің
ойындарының қай-қайсысын алсақтаойландыруға,
ойлауға жетелейді,соны талап етеді. Сайын дала төсінде көшіп қонып жүрген ха
лқымызбаға жетпес осынау асыл қазынаны киелідүниесіндейқастерлеп ,ұрпақ
санасына сіңіріп,болашаққа мұра етіп қалдырған.
Мұғалім әр сабақта жасөспірімдерге білім беріп қана қоймайды,
ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып, азаматтыққа,
адамгершілікке тәрбиелейді.

Қорытакелгенде, ұрпағымыздыпарасаттыдабілікті, мәдениеттіде білімді
етіп тәрбиелеп,
руханидүниетанымынжалпыадамзаттықденгейдедамытамыздесек,
бойындаұлттықжәнеазаматтықнамысыбарұрпақөсіргімізкелсе,
бүкілқоғамдықөмірдіңөзегінкелешекұрпақтәрбиесіне,
соныңішіндеұлттыққұндылықтарнегізіндетәрбиелеуге бағыттауымызқажет.

18.01.2024 ж №U00053

Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!

УСЕРБАЕВА СВЕТЛАНА ЖАРЫЛКАСЫНОВНА
Түркістан облысы, Сауран ауданы
«Қаражон шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» КММ

Қысқа мерзімді жоспары
Жаһандық құзіреттілік пәнінен

Бөлім:	Азаматтық және патриотизм
Педагогтің аты-жөні	Усербаева С
Күні:	
Сынып:7	Қатысушылар саны: 11 Қатыспағандар саны:0
Сабақтың тақырыбы	«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!»
Сабақтың мақсаты	Оқушыларға тілдің маңызын түсіндіру, оқушылардың ана тілі туралы ой-пікірлерін білу, оқушыларды ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу.
Бағалау критерийі	Жас ұрпақты ана тілінің қадір – қасиетін түсіне біледі. Олардың халқына

	деген сүйіспеншілігін, тіліне деген құрметін арттыру.
Құндылықтарды дарыту	Ана тілін қастерлеп, құрметтейді.


Сабақтың барысы


Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>I Ұйымдастыру кезеңі Үш тілде оқушылармен амандасу.</p> <p>Жаһандық құзіреттілік пәні бойынша 6- юнитті (бөлім) түсіндіріп өту. Этика және әдеп" бөлімі (юнит) білім алушылардың бойында адалдық, тәртіптілік, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, әдептілік, ізгі ниет, және ұжымда жұмыс істей алу сияқты жеке қасиеттерін дамытуға, мінез-құлық мәдениетінің стандартын қалыптастыруға ықпал етеді.</p> <p>"Азаматтық және патриотизм" бөлімі (юнит) өзін ел азаматы ретінде сезінуге, өзінің Отанға қатыстылығын</p>	<p>Оқушы өз ойларын ортаға салады.</p> <p>Оқушы жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу</p> <p>Оқушы өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді</p>	ҚБ «Мадақтау сэндвичі»	Тақырыптық суреттер сілтемеде суреттер





	<p>сезінуге және оның мүдделеріне қызмет етуге, азаматтық ұстанымын көрсетуге дайын болуға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>"Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық" бөлімі (юнит) медиа кеңістіктің құралдарын талдауға, бағалауға және пайдалануға мүмкіндік беретін дағдыларды, сондай-ақ қаржыны басқару және өзінің қаржылық әл-ауқатын қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>"Өмір сүру қауіпсіздігі" юниті қауіпсіз мінез-құлық, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>"Экологиялық мәдениет" бөлімі (юнит)</p>			
--	--	--	--	--

	<p>өз денсаулығына, табиғатқа ұқыпты қарайтын, қоршаған ортаға теріс әсердің салдарын түсінетін және белсенді табиғатты қорғау қызметін жүргізетін тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>"Зайырлылық және дінтану негіздері" (9-сынып) бөлімі (юнит) зайырлы мемлекет, діннің қоғам өміріндегі орны, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың әсер ету қаупі туралы идеяны қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру Топқа бөлу Өткен сабақтың «Отан деген мен үшін...» үй тапсырмасын еске түсіру 1-топқа сұрақ. Қазақстанның қазба байлықтары 2-топқа сұрақ Қазақстанның қалалары 3-топқа сұрақ</p>			
--	---	--	--	--


	<p>Отан немесе Қазақстан туралы өлең оқу. Мұғалім : Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан жері батыстан шығысқа қарай 300 000 шақырымға, солтүстіктен оңтүстікке қарай 1700 шақырымға созылып жатыр. - Біздің еліміз - жерінің кеңдігімен қатар, табиғи байлығы да мол мемлекет. Өріс толы малы, тайдай тулаған балығы, теңіздей толқыған егіні, дала толы аң - құсы, таусылмас кен байлығы да жеткілікті, мол. Ата-бабаларымыздың мәңгілік арманын орындайтын артында қалған ұрпағы. Еліміздің асыл қазынасын сақтау және осы қазынаны молайту біздің қолымызда! Байлық пен абырой, жаңарулар мен жаңғыруларға жетуге үміткер елдің еңкейген кәрісі мен жасы тек нәтижелі Еңбек пен тұғырлы Ғылымға ғана</p>			
--	---	--	--	--

	<p>арқа сүйеуі қажет. Осы екеуіне тәу еткен жұрт мұратына жетеді.</p> <p>Жаңа сабақ</p> <p>Тіл – қай ұлтта, қай елде болсада қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Адам баласы ес білген кезінен бастап айналадағы жаңа ұғымдарды ана тілі арқылы қабылдап, олардың мәнін түсіне бастайды...</p> <p>Сабақ тақырыбы:</p>  <p>Ой қозғау: суретке тақырып қой Тіл қарым-қатынас құралы дегенді қалай түсінеміз?</p>			
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Негізгі бөлім. Өз ана тілін білмеген, қадірлемеген адам өзін дүниеге әкелген, мәпелеп өсірген анасын да, ел-жұртын да, Отанын да сүйе алмайды.</p>	<p>Оқушы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды</p>	<p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс</p>	<p>Ақпараттық мәтін Источник: https://www.tarbie.kz/ 8218</p>

	<p>Тіл байлығы — әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс.</p> <p>Қазақ тілі туралы нақыл сөздер ЕБҚ оқушылар нақыл сөздерді сөздерді жазып алады; Сөздердің мән-мағанасын түсіндіреді.</p>  	<p>Оқушылар суретте берілген ұлы адамдардың атын тауып, адасқан нақыл сөздерді табады.</p> <p>Әр оқушы бір сөйлеммен тіл туралы сөйлем жазады. Соңғы жазған адам тобы жазған эссені қортындылайды.</p> <p>Оқушы өз жұмыстарын ың</p>	<p>беріп отырады</p> <p>ҚБ «Мадақтау сэндвичі»</p> <p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p> <p>ҚБ «Өзін-өзі бағалау»</p>	<p>Үлестірмелі қағаздар</p> <p>Суреттер</p> <p>Тірек-сызбалар</p> <p>Кесте</p> <p>ҚБ парағы</p>
--	--	--	---	---

	 <p>...Білімді, тіл тапқылы ұлт қасиетіні, сәт-сайысына өсетіні енетсі, ағамыз белгісі.</p>  <p>"...Ботен сөзбен бызғанса сөз арасы, Ол - ақынның білімсіз биінарасы. Айтушы мен тыңдаушы көбі надан, Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы..."</p>  <p>Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруы тілсізек, қарымыз ашпақ қалып ойлағандай тіліміздің де сақталу қанын қатар ойлау керек.</p>  <p><i>Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, арды Жауыз тағдыр жойды бәрін не барды Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз - бабам тілі, сен қал</i></p> <p>Дәптермен жұмыс: «Тіл» туралы шағын эссе жазу. Ақ қағазға орындайды.</p> <p>ЕБҚ: оқушы жазғанын бөлісу арқылы</p>	<p>қорытындыла рын сынып алдында қорғайды. Оқушы бір- біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір- бірін толықтырады</p> <p>Дескриптор:</p> <p>өзгерістерін жіктейді Оқушылар көрсетілген суреттерден мақал- мәтелді табады.</p>		
--	--	---	--	--

	<p>әңгімелеседі.</p> <p>(Әр оқушы бір сөйлеммен тіл туралы сөйлем жазады. Соңғы жазған адам тобы жазған эссені қортындылайды). Басқа топ сөйлемдерінің байланысын тексеріп отырады.</p> <p>Сергіту сәті: Әуеннің ырғағымен Үш топтың оқушылары түсті қағазды екі жағынан ұстау арқылы қимылдатады. (Жаңбырдың дыбысын шығарады.) «Ойлан тап» ойыны экранда көрсетілген суреттерден мақал-мәтелді табу. ЕББ оқушыға суреттер/иллюстрациялар ұсынылады;</p>			
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Сабақты қорытындылау «Тілден асқан асқар жоқ, Тілден асқан байлық жоқ, Тілден асқан теңіз жоқ» дей отырып, біз бүгінгі сабағымызды қорытындылаймыз. Қазақ тілі – Қазақстан</p>	<p>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</p>	<p>Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды</p>	<p>A4, конспект</p>

	<p>мәртебесі, мақтанышы. Тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Енді осы ана тіліміздің өрісін кеңейту, қолданыс аясын барынша ұлғайту – біздің міндетіміз.</p> <p>Кері байланыс Оқушылар сабақтан алған әсерлерін қолдарында тұрған стикерлерге тіл туралы бір сөйлем немесе нақыл сөз, өлең түрінде жазып оны оқып талға жапсырады.</p>  <p>Үй тапсырма «Тіл - қарым-қатынас құралы» эссе жазып келу.</p>			
--	--	--	--	--



МАЗМҰНЫ

- **БАШИРБАЕВ РАУАН СУЛТАНГАЗИЕВИЧ**
- **АБДУЛЛАЕВА САЛТАНАТ АБДУЛЛАҚЫЗЫ**
- **СПАНАЛИЕВА АҚМАРАЛ РАХИМОВНА**
- **ТАИРОВА ИБАДЯТХАН**
- **МАШУРОВА ЗУЛЬФИЯ АРКИНОВНА**
- **УСЕРБАЕВА СВЕТЛАНА ЖАРЫЛҚАСЫНОВНА**